

Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы N 31 Заңы

2003 жылғы 31 қазандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы мынадай мәлімдемелермен және ескертпемен ратификациялансын:

1) Конвенцияның 44-бабы 6-тармағының а) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Конвенцияны адам ұстап беру мәселелерінде Конвенцияға басқа қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастық үшін құқықтық негіз ретінде пайдаланады;

2) егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше белгіленбесе, Конвенцияның 46-бабының 14-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасына жіберілетін құқықтық көмек туралы өтініштер және оған қоса берілетін материалдардың қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармалары да болуға тиіс;

3) Конвенцияның 66-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін Конвенцияның 66-бабы 2-тармағының ережелеріне байланысты деп есептемейді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОНВЕНЦИЯСЫ (2003 ж.)

(2008 жылғы 17 шілдеде күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

Кіріспе

Осы конвенцияға қатысушы - мемлекеттер , демократиялық институттар мен құндылықтарды, әдептік құндылықтар мен әділеттілікті бұзатын және тұрақты даму мен құқық тәртібіне нұқсан келтіретін, қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне сыбайлас жемқорлық туғызатын проблемалар мен елеулі қауіп-қатерге алаңдаушылық білдіре отырып , сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен қылмысын басқа да түрлері, атап айтқанда, ақша қаражаттарының жылыстатылуын қоса алғанда, ұйымдасқан қылмыс пен экономикалық қылмыс арасындағы байланыстарға алаңдатушылық білдіре отырып , мемлекет ресурстарының елеулі үлесін құрауы және осы мемлекеттердің саяси тұрақтылығы мен тұрақты дамуына қатер төндіруі мүмкін активтердің көп көлемімен

байланысты сыбайлас жемқорлықтың жағдайларына *алаңдаушылық білдіре отырып* ,
ендігі жерде сыбайлас жемқорлық жергілікті проблема болудан қалып, ұлт шегінен
тысқары құбылысқа айналғанына, оның қоғамды және барлық елдердің экономикасын
камтып отырғанына, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу саласындағы тек қана
халықаралық ынтымақтастықтың және оған қарсы күрестің зор маңызына байланысты
екеніне көз жеткізе отырып ,

сонымен қатар кең көлемді және көп тәртіпті көзқарас сыбайлас жемқорлықтың
алдын алу және оған қарсы күрес жүргізу үшін қажет екеніне *көз жеткізе отырып* ,
одан әрі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жүргізу
саласында техникалық көмекке ие болу, оның ішінде әлеуетті күшейту мен
институттар құру мемлекеттер мүмкіндіктерін ұлғайтуда маңызды рөл атқаратынына
көз жеткізе отырып ,

жеке өзінің әл-ауқатына заңсыз жолмен ие болу демократиялық институттарға, ұлт
экономикасы мен құқық тәртібіне елеулі нұқсан келтіретініне *көз жеткізе отырып* ,
заңсыз жолмен ие болған активтердің халықаралық аударымының неғұрлым тиімді
түрде алдын алуға, оларды анықтау мен жолын кесуге және активтерді қайтару жөнінде
шаралар қолдануда халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға *батыл бағыт ұстай*
отырып ,

мүліктік құқықтарды анықтау үшін қылмыстық іс жүргізу барысында тиісті заң
қолданудың негізгі принциптерін *растай отырып* ,

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жою - бұл барлық мемлекеттердің міндеті
және осы саладағы өздерінің күш-жігері тиімділігін қамтамасыз ету үшін олар
жекелеген адамдар мен азаматтық қоғам, мемлекеттік емес ұйымдар мен
қауымдастықтар негізінде қызмет атқаратын ұйымдар сияқты топтардың жария
сектордың шектерінен тыс қолдау көрсету жағдайында бір-бірімен ынтымақтасуға тиіс
екенін ескере отырып ,

сондай-ақ көпшілік істері мен көпшілік мүлкін басқаруға заң алдындағы әділеттілік,
жауапкершілік пен теңдік адалдық пен пара алмаушылықты қамтамасыз ету, сонымен
бірге сыбайлас жемқорлықты қабылдамайтын мәдениетті қалыптастыруға жәрдемдесу
принциптерін *ескере отырып* ,

Қылмыстың алдын алу мен қылмыстық сот төрелігі жөніндегі комиссияның және
Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы
күрес саласындағы есірткі мен қылмыс жөніндегі басқармасының жұмысын жоғары
бағалай отырып ,

осы саладағы халықаралық және аймақтық ұйымдардың жұмысына, Африка
одағының, Еуропалық одақтың, Араб мемлекеттері Лигасының, Америка мемлекеттері
ұйымының, Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымының, Еуропа Кеңесі мен (
сондай-ақ Дүниежүзілік кеден ұйымы ретінде белгілі) Кеден ынтымақтастығы
жөніндегі кеңестің қызметіне *сілтеме жасай отырып* ,

сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі көпжақты құжаттарды, атап айтқанда, 1996 жылғы 29 наурызда Америка мемлекеттері ұйымы қабылдаған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Америкааралық конвенциясы, Еуропа қауымдастығының лауазымды адамдарын немесе 1997 жылғы 26 мамырда Еуропа Кеңесі қабылдаған Еуропа одағына мүше мемлекеттер лауазымды адамдарын қамтитын Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы конвенцияны, 1997 жылғы 21 қарашада Экономикалық ынтымақтастық пен дамыту Ұйымы қабылдаған Халықаралық коммерциялық мәмілелердегі лауазымды адамды да параға сатып алуға қарсы күрес конвенциясын, 1999 жылғы 27 қаңтарда Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті қабылдаған Сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы конвенцияны, 1999 жылғы 4 қарашадағы Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті қабылдаған Сыбайлас жемқорлық үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы конвенцияны және 2003 жылғы 12 шілдеде Африка одағы мемлекеттері мен үкіметтері басшылары қабылдаған Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы Африка одағының Конвенциясын қоса алғанда, сенім білдірумен назарға *ала отырып*,

2003 жылғы 29 қыркүйекте күшіне енген Біріккен Ұлттар Ұйымының Ұлттық шекарадан тыс ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенцияның күшіне енуімен *құттықтай отырып*, төмендегі баяндалғандар туралы келісті:

I тарау

Жалпы ережелер 1-бап

Мақсаттары

М ы н а л а р :

а) неғұрлым тиімді және пәрменді түрде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы күреске бағытталған шараларды қабылдау мен нығайтуға жәрдемдесу;

б) сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда және оған қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықты ынталандыру, жеңілдету мен қолдау және техникалық көмек көрсету, оның ішінде активтерді қайтару жөнінде шаралар қабылдау;

с) адалдық пен параға сатылмаушылықты, жауапкершілікті, сондай-ақ көпшілік істер мен көпшілік мүлікті тиісті басқаруды көтермелеу осы Конвенцияның мақсаттары болып табылады.

2-бап

Терминдер

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

а) "жария лауазымды тұлға" дегеніміз:

i) Қатысушы мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік немесе сот органында тұрақты немесе уақытша негізде еңбекке ақылы немесе ақысыз, осы тұлғаның лауазым дәрежесіне қарамастан, қандай да бір қызмет атқаратын кез келген тағайындалатын немесе сайланатын тұлғаны білдіреді;

ii) қандай да бір көпшілікке арналған міндетті орындайтын, мұның өзі Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасында анықталатындай және осы Қатысушы мемлекеттің құқықтық істі реттеу саласында қолданатындай, оның ішінде көпшілікке арналған ведомство немесе көпшілікке арналған кәсіпорында, немесе қандай да бір көпшілікке арналған қызмет атқаратын кез келген басқа тұлғаны;

iii) Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасында "жария лауазымды тұлға" ретінде анықталатын кез келген басқа тұлғаны білдіреді. Соған қарамастан осы Конвенцияның II тарауында көзделген кейбір нақты шараларды қабылдау мақсаттары үшін "лауазымды адам" дегеніміз Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасында анықталатындай және осы Қатысушы мемлекеттің құқықтық тиісті реттеу саласында қолданатындай қандай да бір жария міндетті орындайтын немесе қандай да бір көпшілікке арналған қызметті беретін кез келген басқа тұлғаны;

b) шетелдік жария "лауазымды тұлға" дегеніміз шет мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік немесе сот органында қызмет атқаратын кез келген тағайындалатын немесе сайланатын тұлғаны, шет мемлекет үшін қандай да бір көпшілікке арналған міндетті, оның ішінде қандай да бір көпшілікке арналған ведомство немесе көпшілікке арналған кәсіпорында қандай да бір жария міндетті орындайтын кез келген басқа тұлғаны білдіреді;

c) "бұқаралық халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғалары" дегеніміз халықаралық азаматтық қызметшіні немесе осындай ұйым өз атынан әрекет етуге уәкілдік еткен кез келген тұлғаны білдіреді;

d) "мүлік" дегеніміз заттай немесе құқықтай түріндегі материалдық немесе материалдық емес, жылжымалы немесе жылжымайтын кез келген активтерді, сондай-ақ осындай активтерге немесе олардағы мүдделерге меншік құқығын растайтын заңдық құжаттарды немесе актілерді білдіреді;

e) "қылмыстан түсетін табыстар" дегеніміз қандай бір қылмыс жасау нәтижесінде тікелей немесе жанама сатып алынған немесе алынған кез келген мүлікті білдіреді;

f) "операцияларды тоқтата тұру (тұмшалау)" немесе "тыйым салу" дегеніміз мүлікті беруге, қайта құруға, иеліктен алуға немесе оның орнын ауыстыруға уақытша тыйым салу, немесе осындай мүлікке уақытша ие болуды, немесе соттың немесе басқа да құзыретті органның қаулысы бойынша оған уақытша бақылауды жүзеге асыруды білдіреді;

g) "тәркілеу" дегеніміз соттың немесе басқа да құзыретті органның қаулысы бойынша мүліктен түбегейлі айыруды білдіреді;

h) "негізгі құқық бұзушылық" дегеніміз кез келген құқық бұзушылықты білдіреді, оның нәтижесінде табыстар алынады, бұл табыстарға қатысты осы Конвенцияның 23-бабында көрсетілген қылмыс құрамын құрайтын әрекеттер жасалуы мүмкін;

i) "бақылау жеткізілімі" дегеніміз әдісті білдіреді, бұл ретте қандай да бір қылмысты тергеу және осы қылмысты жасауға қатысқан адамдарды анықтау мақсаттарында бір немесе бірнеше мемлекеттің аумағынан олардың құзыретті органдарының еркімен және қадағалауымен заңсыз немесе күдік туғызатын жүктің топтарын әкетуге, тасымалдауға немесе әкелуге жол беріледі.

3-бап

Қолданылу саласы

1. Осы Конвенция оның ережелеріне сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, оны тексеріп тергеуге және қылмыстық ізге түсу мен операцияларды тоқтата тұруға (тұмшалауға), тыйым салуға, тәркілеуге және осы Конвенцияға сәйкес осындай қылмыс ретінде танылған қылмыстардан алынатын табыстарды қайтаруға қолданылады.

2. Егер онда өзгеше көзделмейтін болса, осы Конвенцияны жүзеге асыру мақсаттары үшін онда көрсетілген қылмыстар нәтижесінде зиян немесе мемлекеттік мүлікке залал келтіруі міндетті емес.

4-бап

Егемендікті қорғау

1. Қатысушы мемлекеттер мемлекеттің егеменді теңдігі мен аумақтық тұтастығы принциптеріне және басқа мемлекеттердің ішкі істеріне қол сұқпаушылық принципіне сәйкес осы Конвенцияға орай өздерінің міндеттемелерін жүзеге асырады.

2. Осы Конвенцияда өзінің ішкі заңнамасына сәйкес Қатысушы мемлекетке басқа мемлекеттің аумағында осы басқа мемлекет органдарының ғана құзыретіне жататын заңдық іс жүргізу билігі мен функциясын жүзеге асыруға құқық бере алмайды.

II тарау

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар 5-бап

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-әрекеттің саясаты мен практикасы

1. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес қоғамның қатысуына жәрдемдесетін және құқық тәртібі принциптерін, көпшілікке арналған істер мен көпшілікке арналған мүлікті басқаруды, адалдықты

және параға сатып алмаушылықты, ашықтық пен жауапкершілікті бейнелейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің тиімді және үйлесімді саясатын жасайды және жүзеге асырады немесе жүргізеді.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған тәжірибенің тиімді түрлерін орнықтыруға және көтермелеуге ұмтылады.

3. Әрбір Қатысушы мемлекет сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күрес тұрғысында олардың барабарлығын анықтау мақсатында тиісті құқықтық құжаттар мен әкімшілік шараларды бағалауды кезенді жүргізуге ұмтылады.

4. Қатысушы мемлекеттер тиісті жағдайларда және өздерінің құқықтық жүйелерінің негізгі принциптеріне сәйкес бір-бірімен және тиісті халықаралық және өңірлік ұйымдармен осы бапта көрсетілген шараларды жасауда және оларды жүзеге асыруға жәрдемдесуде өзара іс-қимыл жасайды. Бұл өзара іс-қимылға сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған халықаралық бағдарламалар мен жобаларға қатысуды қамтуы мүмкін.

6-бап

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі орган немесе органдар

1. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес мынадай шаралардың көмегімен сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды жүзеге асыратын органының, немесе тиісті жағдайларда органдарының болуын қамтамасыз етеді, ол :

а) осы Конвенцияның 5-бабында айтылған саясатты жүргізу, тиісті жағдайларда осы саясатты жүргізуді қадағалау мен үйлестіру;

б) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша білімдерін кеңейту мен тарату шаралары.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет осы баптың 1-тармағында айтылған органға немесе органдарға осындай орган немесе органдардың өздерінің міндеттерін және кез келген тиісті ықпалдан еркін жағдайларда тиімді орындау үшін өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес қажетті дербестікті қамтамасыз етеді. Қажетті материалдық ресурстар мен маманданған қызметкерлер құрамын, сондай-ақ қызметкерлер құрамын даярлауды қамтамасыз еткені жөн, ондай даярлау оған жүктелетін міндеттерді орындау үшін қажет болуы мүмкін.

3. Әрбір Қатысушы мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына басқа Қатысушы мемлекеттерге сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі нақты шаралар жасау және жүзеге асыруда көмектесетін органның немесе органдардың атауын және мекен-жайын хабарлайды.

7-бап

Жариялы сектор

1. Әрбір Қатысушы мемлекет тиісті жағдайларда және өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес азаматтық қызметшілердің және тиісті жағдайларда сайланып қойылмайтын жария лауазымды адамдарды жұмысқа қабылдау, іріктеу, қызмет өткеруі, қызметі жағынан өсуі және өз еркімен орнынан түсу сияқты жүйені құруға, қолдауға және нығайтуға ұмтылады, олар мыналар:

a) тиімділік пен ашықтық принциптеріне және мінсіз жұмыс, әділеттілік пен қабілеттілік сияқты объективті өлшемдерге негізделеді;

b) бұған сыбайлас жемқорлық тұрғысынан алғанда ерекше осал саналатын көпшілікке арналған лауазымды атқару үшін кадрларды іріктеу мен даярлаудың тиісінше рәсімдері және тиісті жағдайларда, осындай лауазымдардағы осындай кадрлардың алмасылуы жатады;

c) Қатысушы мемлекеттің экономикалық жағынан даму деңгейін ескере отырып тиісінше сыйақылар төлеуге және әділетті айлық ақылар белгілеуге жәрдемдеседі;

d) ондай адамдардың көпшілікке арналған міндеттерді дұрыс, адал және тиісті орындау талаптарын қанағаттандыра алатын білім беру мен оқу бағдарламаларын жүзеге асыруға жәрдемдеседі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа ұшырасатын қауіп-қатерлерді ұғынуын тереңдету үшін оларға мамандандырылған және тиісті даярлықты қамтамасыз етеді. Мұндай бағдарламаларда кодекстерге сілтемелер немесе қолданылатын салаларында мінез-құлық стандарттары қамтылуы мүмкін.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет, сонымен бірге осы Конвенцияның мақсаттарына орай және өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес кандидаттарға және жария лауазымдарға сайлауға қатысты өлшемдерді белгілеу үшін тиісті заң шығару және әкімшілік шараларын қабылдау мүмкіндігін қарастырады.

3. Әрбір Қатысушы мемлекет, сонымен қатар осы Конвенцияның мақсаттарына орай және өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес оны қолданатын жерлерде көпшілікке арналған лауазымдарға кандидатураларды қаржыландырудың, саяси партияларды, қаржыландыру ашықтығын күшейту үшін тиісті заң шығару және әкімшілік шараларын қабылдау мүмкіндігін қарастырады.

4. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес ашықтыққа жәрдемдесетін және мүдделер қарама-қайшылығы туындауының алдын алатын жүйелерді құруға, қолдауға және нығайтуға ұмтылады.

8-бап

Жария лауазымды тұлғалардың мінез-құлық кодексі

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мақсаттарында әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес басқаларымен қатар өздерінің жария лауазымды тұлғаларының параға сатылмаушылығын, адалдығы пен жауапкершілігін көтермелейді.

2. Атап айтқанда, әрбір Қатысушы мемлекет өздерінің институциялық және құқықтық жүйелері ауқымында жария міндеттерін дұрыс, адал және тиісінше орындауы үшін мінез-құлық кодекстерін немесе стандарттарын қолдануға ұмтылады.

3. Осы баптың ережелерін жүзеге асыру мақсаттары үшін әрбір Қатысушы мемлекет тиісті жағдайларда және өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес аймақаралық және көп жақты ұйымдардың, мысалы 1996 жылғы 12 желтоқсандағы Бас Ассамблеяның 51/59 қарарының қосымшасында мазмұндалған мемлекеттік лауазымды адамдардың мінез-құлық кодексін назарға алады.

4. Әрбір Қатысушы мемлекет, сонымен қатар өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес жария лауазымды тұлғалардың өз міндеттерін атқару кезінде ол жөнінде белгілі болған сыбайлас жемқорлық әрекеттері туралы тиісті органдарға хабарлауы үшін жәрдемдесетін шаралар мен жүйелерді анықтау мүмкіндігін қарастырады.

5. Әрбір Қатысушы мемлекет тиісті жағдайларда және өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес жария лауазымды тұлғалар тиісті органдарға декларациялар, басқаларымен қатар қызметінен тыс әрекеті, айналысатын жұмысы, инвестициялар, активтер туралы және жария лауазымды тұлғалар ретінде олардың міндеттеріне қатысты мүдделерінің қарама-қайшылығы туындауы мүмкін елеулі сыйлықтар немесе пайдалары туралы декларацияларды тиісті органдарға беруге міндеттеуге ұмтылады.

6. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес осы бапқа орай белгіленген кодекстерді немесе стандарттарды бұзатын жария лауазымды тұлғаларға қатысты тәртіптік немесе басқа да шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастырады.

9-бап

Жариялы сатып алулар мен жариялы қаржыларды басқару

1. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес ашықтыққа, бәсекеге және шешімдер қабылдаудың объективті өлшемдеріне негізделген тиісті сатып алу жүйелерін құру үшін қажетті шаралар қолданады және басқаларымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тұрғысында бұл шаралар тиімді болады, мұндай жүйелер оларды қолдану жағдайында тиісінше алдағы көрсеткіштерді көздеуі мүмкін, олар басқаларымен қатар мыналарға қатысты болады:

а) ықтимал қатысушыларға олардың дайындалуы және тендер тапсырыстарын

беруге уақытының болуы үшін саудаласуға қатысуға шақырулар туралы хабарламаны және келісім шарттар жасасу туралы тиісінше немесе лайықты хабарламаны қоса алғанда, сатып алу рәсімдеріне және сатып алуға арналған келісім шарттарға қатысты х а б а р л а м а н ы ж а р и я л ы т а р а т у ;

b) келісім шарттарды, сондай-ақ сауда өткізу ережелерін жасасу туралы өлшемдерін іріктеп алу мен шешімдер және оларды жариялау өлшемдерін қоса алғанда, қатысудың ш а р т т а р ы н к ү н і б ұ р ы н а н ы қ т а у ;

c) ережелер мен рәсімдердің дұрыс қолданылуын кейінгі тексеруде көмектесу мақсаттарында жария сатып алулар туралы шешімдер қабылдауға қатысты бұдан бұрын белгіленген және объективті өлшемдерді қолдану;

d) шағымданудың тиімді жүйесін, осы тармаққа сәйкес ережелер немесе рәсімдер сақталмаған жағдайда, белгіленген дау айтудың заңдық құралдарын және құқықтық қорғау құралдарын қоса алғанда, ішкі бақылаудың тиімді жүйесін;

e) реттеу шараларын, тиісті жағдайларда, сатып алу үшін жауапты қызметкерлер құрамына қатысты мәселелерді, мысалы, нақты жария сатып алулар мүдделерін білдіру туралы талапты, рәсімдерді тексеру мен кәсіби даярлыққа қойылатын талаптарды қозғайды.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес жария қаржыларды басқаруда ашықтыққа және есеп берулерге көмектесу жөнінде тиісті шаралар қолданады. Мұндай шаралар, басқаларымен қатар, мыналарды қамтиды:

a) ұлттық бюджетті бекіту рәсімдерін;

b) түсімдер мен шығыстар туралы есептерді уақтылы беруді;

c) бухгалтерлік есеп пен аудит және онымен байланысты ішкі қадағалаудың жүйелі с т а н д а р т т а р ы н ;

d) тәуекелді басқару және ішкі бақылаудың тиімді және әрекетті жүйелерін;

e) тиісті жағдайларда, осы тармақта белгіленген талаптарды сақтамаған жағдайларда түзетуді.

3. Әрбір Қатысушы мемлекет бухгалтерлік кітаптардың, жазбалардың, қаржы ведомстволарының немесе жария шығыстар мен табыстарға қатысты басқа да құжаттамалардың сақталуын қамтамасыз ету үшін өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес қажет етілуі мүмкін және осы құжаттамаларды бұрмалауына кедергі жасайтын азаматтық-құқықтық және әкімшілік шараларды қолданады.

10-бап

Жария есептілік

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қажеттілігін есепке ала отырып, әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес өзінің жария әкімшілігінің, оның ішінде оны ұйымдастыруға, қызмет атқаруына қатысты,

тиісті жағдайларда ашықтықты күшейту үшін қажет болатын шаралар қолданады. Мұндай шараларға, басқаларымен қатар, мыналар жатады:

а) тиісті жағдайларда, жеке өмірін және жеке адам деректерін қорғау пайымдарын тиісінше ескере отырып жария әкімшіліктің, оның ішінде ұйымдастыру, қызмет атқару және шешімдер қабылдау процестері туралы және халық мүдделерін қозғайтын шешімдер мен заң актілері туралы халықтың ақпарат алуына мүмкіндік беретін рәсімдер немесе ережелер қабылдау;

б) тиісті жағдайларда, шешім қабылдайтын құзыретті органдарға жария рұқсат етуде жеңілдету үшін әкімшілік рәсімдерді оңайлату; және

с) жария әкімшілікте сыбайлас жемқорлықтың қауіптілігі туралы мерзімдік есеп беруін енгізуі мүмкін ақпаратты басып шығару.

11-бап

Сот органдары мен прокуратура органдарына қатысты шаралар

1. Сот билігінің тәуелсіздігін және оның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі шешуші рөлін ескере отырып, әрбір Қатысушы мемлекет өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес және сот органдарының тәуелсіздігіне залал келтірместен, соттар мен сот органдары қызметкерлерінің адалдығы мен параға сатылмаушылығын және олардың арасында сыбайлас жемқорлық үшін кез келген мүмкіндіктерге жол бермеуді нығайту жөнінде шаралар қолданады. Мұндай шаралар соттар мен сот органдары қызметкерлерінің іс-қимылдарына қатысты ережелерді қамтуы мүмкін.

2. Мұндай шараларға соттар мен сот органдары қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданатын ұқсас шаралар өздері сот билігінің құрамына кірмейтін Қатысушы мемлекеттердің прокуратура органдарында енгізілуі және қолданылуы мүмкін, бірақ сот органдары сияқты тәуелсіздікпен пайдаланады.

12-бап

Жеке сектор

1. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес жеке секторда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, бухгалтерлік есеп пен аудит стандарттарын күшейту және осындай шараларды сақтамағаны үшін азаматтық-құқықтық, әкімшілік немесе қылмыстық санкциялардың, тиісті жағдайларда, тиімді, мөлшерлес және тежемелі ықпалын белгілеу жөнінде шаралар қолданады.

2. Осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған шаралар, басқаларымен қатар, м ы н а л а р :

а) құқық қорғау органдары мен тиісті жеке ұйымдар арасындағы ынтымақтастыққа ж ә р д е м д е с у ;

б) кәсіпкерлердің және барлық тиісті кәсіптер өкілдерінің қызметін дұрыс, адал

және тиісті жүзеге асыру үшін мінез-құлық кодексін қоса алғанда, тиісті жеке ұйымдардың жұмысында адалдықты қамтамасыз етуге арналған стандарттар мен рәсімдерді жасауға жәрдемдесу және мүдделер қарама-қайшылығы туындауының алдын алу, сондай-ақ коммерциялық кәсіпорындар мен олардың және мемлекеттің арасындағы шарт қатынастарында адал коммерциялық тәжірибені пайдалануды көтермелеу үшін жәрдемдесу;

с) тиісті жағдайларда, корпорация ұйымдарын құруға және оларды басқаруға қатысты заңды және жеке тұлғаларды бірегейлеу шараларын қоса алғанда, жеке ұйымдардың қызметіндегі ашықтыққа жәрдемдесу;

д) коммерциялық қызметті жүзеге асыру үшін жария ұйымдар беретін субсидиялар мен лицензияларға қатысты рәсімдерді қоса алғанда, жеке ұйымдар қызметін реттейтін рәсімдерді теріс пайдаланудың алдын алу;

е) шектеулерді белгілеу арқылы мүдделер қарама-қайшылығы туындауының, тиісінше жағдайларда, бұрынғы лауазымды адамдардың кәсіби қызметіне қатысты немесе жеке сектордағы олардың өз еркімен қызметінен түсуінен немесе зейнеткерлікке шығуынан кейін жария лауазымды адамдардың қызметіне қатысты ақылға қонымды мерзімге алдын алу, мұндай қызмет немесе жұмыс мұндай жария лауазымды тұлғаларды олардың қызметте болған кезіндегі міндеттерімен немесе оларды орындауға қадағалауды жүзеге асыруымен тікелей байланысты болады;

ф) жеке ұйымдар өздерінің құрылымы мен мөлшерін ескере отырып, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алуда және анықтауда көмек көрсетуге ішкі аудиторлық бақылаудың жеткілікті тетіктерін меңгеруін және осындай жеке ұйымдардың шоттары мен қажетті қаржы ведомстволары аудит пен сертификаттаудың тиісінше рәсімдерін қолдануға тиіс болуын қамтамасыз ету.

3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне және бухгалтерлік есепті жүргізуді, қаржы есептілігін, сондай-ақ бухгалтерлік есеп пен аудиттің стандарттарын беруді реттейтін ережелерге сәйкес, осы кез келгенін жасау мақсатында жүзеге асырылатын мынадай әрекеттерге тыйым салу үшін қажет болатын шараларды қолданады:

а) ресми емес есептілікті жасау;

б) ескерілмеген немесе дұрыс тіркелмеген операцияларды жүргізу;

с) болмаған шығыстардың есебін жүргізу;

д) объектісі дұрыс сәйкестендірілмеген міндеттемелердің көрсетілуі;

е) жалған құжаттарды пайдалану; және

ф) бухгалтерлік құжаттаманы заңнамада көзделген мерзімдерінен бұрын қасақана жою.

4. Әрбір Қатысушы мемлекет пара болып табылатын шығыстарға қатысты салық салудан босатудан бас тартады, бұл паралар осы Конвенцияның 15 және 16-баптарына сәйкес және тиісті жағдайларда, сыбайлас жемқорлық әрекеттерге жәрдемдесу

мақсатында келтірілген басқа шығындарға қатысты осындай деп танылған қылмыстар элементтерінің бірі болып табылады.

13-бап

Қоғамның қатысуы

1. Әрбір Қатысушы мемлекет өздерінің мүмкіндіктері шектерінде және өзінің ішкі заңнамасында негізгі принциптеріне сәйкес қауымдастықтар негізінде міндет атқаратын азаматтық қоғам, үкіметтік емес ұйымдар мен ұйымдар сияқты жария сектордың шегінен тыс жекелеген адамдар мен топтардың белсенді түрде қатысуларына жәрдемдесу үшін, сыбайлас жемқорлық пен оған қарсы күрестің алдын алуда және қоғамның сыбайлас жемқорлықтың болуы, себептері мен қауіпті сипатын, сондай-ақ ол төндіретін қауіп-қатерлерді ұғынуын тереңдету үшін тиісті шаралар қолданады. Бұл қатысуды мынадай шаралар көмегімен нығайтқан жөн:

а) ашықтықты күшейту мен халықты шешімдер қабылдау процесіне тартуға жәрдемдесу;

б) халықтың ақпаратқа тиімді қол жеткізуін қамтамасыз ету;

с) сыбайлас жемқорлыққа қатысты төзімсіздік ахуалын жасауға көмектесетін халықтың ақпараттандырылуы жөніндегі шараларды жүргізу, сондай-ақ мектептер мен университеттердегі оқу бағдарламаларын қоса алғанда, көпшілікке арналған білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру;

д) сыбайлас жемқорлық туралы ақпаратты іздестіру, алу, жариялау мен тарату бостандығын құрметтеу, көтермелеу мен қорғау, осы бостандықты шектеудің белгілі бір шектеулері белгіленуі мүмкін, бірақ заңмен көзделген мұндай шектеулер:

i) басқа адамдардың құқықтары мен беделін құрметтеу үшін;

ii) ұлттық қауіпсіздікті, немесе көпшілікке арналған тәртіпті қорғау, немесе халықтың денсаулығын немесе адамгершілігін сақтау үшін қажет болып табылады.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет осы Конвенцияда айтылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі тиісті органдар халыққа белгілі болуын қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қолданады және осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстардың бірі ретінде қаралуы мүмкін кез келген жағдайлар туралы оларға хабарламалар, оның ішінде жасырын арыз беру үшін осындай органдарға қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

14-бап

Ақша қаражаттарын жылыстатудың алдын алу жөніндегі шаралар

1. Әрбір Қатысушы мемлекет:

а) банктер мен банктік емес қаржы мекемелеріне, оның ішінде ақша қаражаттарын немесе құндылықтарды аударуға байланысты ресми немесе ресми емес қызмет

көрсететін жеке немесе заңды тұлғаларға, сондай-ақ, тиісті жағдайларда, өзінің құзыреті шегінде ақша қаражаттарының жылыстату тұрғысында ерекше осал жерлері болып табылатын басқа органдарға қатысты, ақша қаражаттарын жылыстатудың барлық нысандарына жол бермеу және оларды анықтау мақсатында реттеу мен қадағалаудың барынша ауқымды ішкі режимін белгілейді, сонымен қатар мұндай режим бірінші кезекте клиенттің, тиісті жағдайларда, меншік иесі-бенефициардың жеке басын сәйкестендіруге қатысты талаптарға, есептілікті жүргізуге және күдікті мәмілелер туралы хабарламалар беруге негізделеді;

b) Конвенцияның 46-бабы үшін нұқсан келтірместен ақша қаражаттарын жылыстатуға қарсы күрес жүргізетін (оның ішінде мұның өзі ішкі заңға сәйкес келген кезде сот органдары да) әкімшілік, реттеуші, құқық қорғау және басқа органдар оның ішкі заңнамасымен белгіленетін шарттарда ұлттық және халықаралық деңгейде ынтымақтастық жасауды және ақпарат алмасуды жүзеге асыруға қабілетті болуын қамтамасыз етеді, сонымен бірге осы мақсатта жедел қаржы ақпараты жөніндегі бөлімшені құру туралы мәселені қарайды, бұл бөлімше ақша қаражаттарын жылыстатудың ықтимал жағдайларына қатысты ақпаратты жинау, талдау мен тарату үшін ұлттық орталық ретінде іс-қимыл жасайды.

2. Қатысушы мемлекеттер олардың шекаралары арқылы қолма-қол ақша қаражаттары мен тиісті айналым құралдарының орын ауыстыруын анықтау жөніндегі және ақпаратты тиісінше пайдалануды қамтамасыз етуге бағытталған кепілдіктерді сақтау мен заңды капиталдың орын ауыстыруына қандай да бір кедергілер жасамау жағдайында осындай орын ауыстыруды бақылау жөнінде іс жүзінде мүмкін болатын шараларды қолдану туралы мәселені қарайды. Мұндай шараларға жеке тұлғалар мен коммерциялық кәсіпорындардың қолма-қол ақша қаражаттарының елеулі көлемінің ұлттық шекарадан тыс жерлерге аударымдары мен тиісті айналым құралдарын беру туралы талапты қамтуы мүмкін.

3. Қатысушы мемлекеттер, ақша қаражаттарын аудару жөніндегі мекемелерді қоса алғанда, қаржы мекемелерінің талаптарын анықтау үшін тиісті және іс жүзіндегі мүмкін болатын шараларды қолдану туралы мәселені қарайды:

a) қаражаттарды электронды аударуға арналған формулярға және олармен байланысты жөнелтуші туралы дәлме-дәл хабарламаларды және мазмұнды ақпаратты е н г і з у і к е р е к ;

b) мұндай хабарламаны төлемді жүзеге асырудың бүкіл тізбегінде сақтауы керек;

c) жөнелтуші туралы толық ақпарат болмаған жағдайда қаражаттар аударымдарына т е р е н т е к с е р у жү р г і з і л у і қ а ж е т .

4. Осы баптың ережелеріне сәйкес реттеу мен қадағалаудың ішкі режимін анықтаған кезде және осы Конвенцияның кез келген басқа бабына нұқсан келтірместен Қатысушы мемлекеттерге ақша қаражаттарының сыртқа кетуіне қарсы бағытталған өңірлік, өңіраралық және көп жақты ұйымдардың тиісті бастамаларын басшылыққа алу

Ұ с ы н ы л а д ы .

5. Қатысушы мемлекеттер ақша қаражаттарын жылыстатуға қарсы күрес мақсатында сот және құқық қорғау органдары, сондай-ақ қаржыны реттеу органдары арасындағы жаһандық, өңірлік, кіші өңірлік және екі жақты ынтымақтастықты дамытуға және ынталандыруға ұмтылады.

III тарау

Қылмыстың белең алуы және құқық қорғау қызметі

15-бап

Ұлттық жария лауазымды тұлғаларды параға сатып алу

Әрбір Қатысушы мемлекет қасақана жасалатын мынадай әрекеттерді қылмыстық жазалау ретінде тану үшін қажет болатын заңдық және басқа да шаралар қолданады:

а) өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде осы лауазымды адамның қандай да бір әрекет жасауымен немесе әрекетсіздігімен тікелей өзі немесе делдалдар арқылы жария лауазымды адамға қандай да бір лауазымды адамның өзіне немесе өзге де жеке немесе заңды тұлға үшін қандай да бір заңсыз артықшылыққа уәде беру, осы артықшылықты ұсыну немесе беру;

б) жария лауазымды тұлғаның тікелей өзі немесе делдалдар арқылы лауазымды тұлғаның өзі немесе өзге де жеке немесе заңды тұлға үшін осы лауазымды адамның өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде қандай да бір әрекет жасауымен немесе әрекетсіздігімен қандай да бір заңсыз артықшылықты қабылдауы.

16-бап

Шетелдік жария лауазымды тұлғаларды және жария халықаралық ұйымдардың лауазымды тұлғаларды параға сатып алу

1. Әрбір Қатысушы мемлекет халықаралық істерді жүргізуге байланысты коммерциялық немесе өзге де заңсыз артықшылықтарды алу немесе сақтау үшін өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде осы лауазымды адамның қандай да бір әрекет немесе әрекетсіздік жасауымен осы қылмыстар қасақана жасалған кезде шетелдік лауазымды тұлғаға немесе жария халықаралық ұйымның лауазымды тұлғасына тікелей өзі немесе делдалдар арқылы лауазымды тұлғаның өзі немесе өзге де жеке немесе заңды тұлға үшін қандай да бір артықшылыққа уәде беру, осы артықшылықты ұсынуын немесе беруін қылмыстық жазалау әрекеттері ретінде тану үшін қажет болатын заңдық және басқа да шараларды қолданады.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет қылмыс қасақана жасалған кезде шетелдік лауазымды тұлғаның немесе жария халықаралық ұйымның лауазымды тұлғасының тікелей өзі немесе делдалдар арқылы лауазымды тұлғасының өзі немесе өзге де жеке немесе заңды тұлға үшін қорқытып алуы немесе қандай да бір артықшылықты қабылдауы өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде осы лауазымды адамның қандай да бір әрекет жасауымен немесе әрекетсіздік қылмыстық жазалау әрекеттері ретінде тану үшін қажет болатын осындай заңдық және басқа да шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастырады.

17-бап

Жария лауазымды тұлғаның мүлікті талан-таражға салуы, заңсыз иемденуі немесе өзге де мақсатсыз пайдалануы

Әрбір Қатысушы мемлекет қылмыстарды қасақана жасауын, лауазымды тұлға өзі үшін немесе басқа жеке немесе заңды тұлға үшін пайда табу мақсаттарында осы жария лауазымды адамның қызмет бабына қарай қандай да бір мүлікті, көпшілікке арналған немесе жеке қаражаттарды, немесе бағалы қағаздарды, немесе кез келген басқа да құнды затты талан-таражға салуын, заңсыз иемденуін немесе өзге де мақсатсыз пайдалануын қылмыстық жазалау әрекеттері ретінде тану үшін қажет болатын осындай заңдық және басқа да шараларды қабылдайды.

18-бап

Пайдакүнемдік мақсатта әсер ету арқылы теріс қылық жасау

Әрбір Қатысушы мемлекет қылмыстарды қасақана жасаған кезде осы әрекеттерді қылмыстық жазалау әрекеттері ретінде тану үшін қажет болатын мынадай заңдық және басқа да шараларды қабылдайды :

а) осы жария лауазымды тұлға немесе осындай басқа адамға әкімшіліктен немесе Қатысушы мемлекеттің бұқаралық органынан заңсыз мүлікті осындай әрекеттердің бастапқы бастамашысы немесе кез келген адам үшін алу мақсатында өзінің шын мәніндегі немесе көздеген ықпалымен қиянат жасауымен жария лауазымды тұлғаға немесе кез келген басқа адамға өзі тікелей немесе делдалдар арқылы заңсыз басымдылыққа уәде беру, осы басымдылықты ұсыну немесе беру;

б) әкімшіліктен немесе Қатысушы мемлекеттің бұқаралық органынан заңсыз мүлікті алу мақсатында өзінің шын мәніндегі немесе болжаған ықпалымен осы көпшілік адам немесе кез келген басқа адам теріс қылық жасауымен тікелей өзі үшін немесе басқа адам үшін қандай да бір заңсыз артықшылықты тікелей өзі немесе делдалдар арқылы жария лауазымды адамның қорқытуы немесе қабылдауы.

19-бап

Қызмет бабын теріс пайдалану

Әрбір Қатысушы мемлекет қылмысты қасақана жасаған кезде оны қылмыстық жазалау әрекеті ретінде тану үшін қызметтік өкілеттерін немесе қызмет бабын теріс пайдалану, яғни жария лауазымды тұлғаның өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде өзі немесе өзге де жеке немесе заңды тұлға үшін қандай да бір заңсыз басымдылық алу мақсатында заңды бұза отырып, қандай да бір әрекетті немесе әрекетсіздікті жасауы қажет болатын осындай заңнамалық және басқа да шараларды қабылдауын қарастырады.

20-бап

Заңсыз баю

Өзінің конституциясын және өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптерін сақтаған жағдайда әрбір Қатысушы мемлекет жария лауазымды адамның заңсыз баюын , яғни оның заңды табыстарынан елеулі түрде артып кетуін, ол ақылға қонымды ретпен негіздей алмаған қылмысты қасақана жасаған кезде оны қылмыстық жазалау әрекеті ретінде тану үшін қажет болатын осындай заңдық және басқа да шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастырады.

21-бап

Жеке сектордағы параға сатып алу

Әрбір Қатысушы мемлекет экономикалық, қаржы немесе коммерциялық қызметтің барысында қылмыстарды қасақана жасаған кезде оны қылмыстық жазалау әрекеті ретінде тану үшін қажет болатын мынадай заңнамалық және басқа да шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастырады:

а) жеке секторды ұйымдастыру жұмысына басшылық ететін немесе кез келген сапада, осындай ұйымда, осындай адам немесе басқа адам үшін жұмыс істейтін адам өзінің міндеттерін бұза отырып қандай да бір әрекет немесе әрекетсіздік жасауымен тікелей өзі немесе делдалдар арқылы қандай да бір заңсыз басымдылыққа уәде беру, оны ұсыну немесе беру;

б) жеке секторды ұйымдастыру жұмысына басшылық ететін немесе кез келген сапада, осындай ұйымда, осындай адам немесе басқа адам үшін жұмыс істейтін адам өзінің міндеттерін бұза отырып қандай да бір әрекет немесе әрекетсіздік жасауымен тікелей өзі немесе делдалдар арқылы қандай да бір заңсыз басымдылықты қорқытып алу немесе қабылдау.

22-бап

Жеке секторда мүлікті талан-таражға салу

Әрбір Қатысушы мемлекет экономикалық, қаржы немесе коммерциялық қызметтің барысында қылмыстарды қасақана жасаған кезде оны қылмыстық жазалау әрекеті ретінде, жеке секторды ұйымдастыру жұмысына басшылық ететін немесе кез келген сапада, осындай ұйымда, осындай адам немесе басқа адам үшін жұмыс істейтін адамның қандай да бір мүлікті, жеке қаражаттарды, немесе бағалы қағаздарды, немесе осы адамның қызмет бабына қарай иелігіндегі кез келген құнды затты талан-таражға салуы ретінде тану үшін қажет болатын осындай заңнамалық және басқа да шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастырады.

23-бап

Қылмыстардан түсетін табыстарды жылыстату

1. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес қылмыстарды қасақана жасаған кезде мынадай әрекеттерді қылмыстық жазалау ретінде тану үшін қажет болатын заңнамалық және басқа да шараларды қолданады:

а) i) егер мұндай мүлік өзінің әрекеттері үшін жауапкершіліктен жалтаруы үшін негізгі құқық бұзушылықты жасауға қатысқан кез келген адамға көмек көрсету мақсатында осы мүліктің қылмыс көзін жасыру немесе бүркемелеу мақсатында немесе қылмыс жасаудан түскен табыстар болып табылатыны белгілі болса, мүлікті к о н в е р с и я л а у н е м е с е к ө ш і р у ;

ii) егер мұндай мүлік қылмыс жасаудан түскен табыстар болып табылатыны белгілі болса, мүліктің шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, билік ету әдісін орнын ауыстыруды, мүлікке құқықты немесе оның тиесілігін жасыру немесе жасырын м е н ш і к т е н у ;

б) өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптерін сақтаған жағдайда:

i) егер оны алу кезінде мұндай мүлік қылмыс жасаудан түскен табыстар болып табылатыны белгілі болса, мүлікті сатып алу, иелену немесе пайдалану;

ii) осы бапқа сәйкес осындай деп танылған қылмыстардың кез келгенін жасау мақсатында қатысу, оған қатыстылығы немесе сөз байласу, оны жасауға оқталу, сондай-ақ оны жасау кезіндегі еліктендірушілік, айдап салушылық, жәрдемдесу немесе кеңестер беру.

2. Осы баптың 1-тармағын жүзеге асыру немесе қолдану мақсаты үшін:

а) әрбір Қатысушы мемлекет осы баптың 1-тармағын негізгі құқық бұзушылықтардың кең ауқымына қолдануға ұмтылады;

б) әрбір Қатысушы мемлекет негізгі құқық бұзушылықтар қатарына ең аз дегенде, осы Конвенцияға сәйкес осындай қылмыстар деп танылған қылмыстардың кең

а у қ ы м ы н

ж а т қ ы з а д ы ;

с) (b) тармақшасының мақсаттары үшін (жоғарыда қараңыз) негізгі қылмыстарға Қатысушы мемлекеттің тиісті іс жүргізу шектерінде, сондай-ақ шектерінен тыс жасалған қылмыстар жатады. Алайда, қандай да бір Қатысушы мемлекеттің іс жүргізу шектерінен тыс жасалған қылмыстар тек мынадай жағдайда ғана негізгі құқық бұзушылықтар болып табылады: тиісті әрекет осы қылмыс жасалған мемлекеттің ішкі заңына сәйкес қылмыстық жазаланатын қылмыс болып табылады және, егер осы қылмыс сол мемлекетте жасалған болса, Қатысушы мемлекеттің ішкі заңына сәйкес қылмыстық жазаланатын қылмыс болар еді, бұл мемлекетте осы бап жүзеге асырылады
н е м е с е қ о л д а н ы л а д ы ;

д) әрбір Қатысушы мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына осы баптың ережелерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін өз заңдарының мәтіндерін, сондай-ақ осындай заңдарға кейіннен енгізілген кез келген өзгертулердің мәтіндерін немесе олардың сипаттамаларын береді;

е) егер оны Қатысушы мемлекеттің ішкі заңының негізгі принциптері талап ететін болса, онда мынаны қарастыруға болады: осы баптың I-тармағында көрсетілген қылмыстар негізгі құқық бұзушылықты жасаған адамдарға қатысты болмайды.

24-бап

Жасыру

Осы Конвенцияның 23-бабының ережелеріне нұқсан келтірместен әрбір Қатысушы мемлекет осы Конвенцияға сәйкес мұндай қылмыстарды жасауға қатыспастан, мүлікті жасыру немесе үздіксіз ұстап отыру, егер тиісті адамға мұндай мүліктің осы Конвенцияға сәйкес осындай қылмыстар деп танылған қылмыстың кез келгені нәтижесінде алынған болса, осындай деп танылған кез келген қылмысты жасағаннан кейін оларды қасақана жасалған кезде қылмыстық жазаланатын әрекеттер деп тану үшін қажет болатын осындай заңнамалық және басқа да шаралар қабылдау мүмкіндігін қарастырады.

25-бап

Сот билігін жүзеге асыруға кедергі келтіру

Әрбір Қатысушы мемлекет қылмыстар қасақана жасалған кезде мына әрекеттерді қылмыстық жазалау ретінде тану үшін қажет болатын осындай заңнамалық және басқа да шаралар қолданады :

а) осы Конвенцияға сәйкес осындай қылмыстар деп танылған қылмыстарды жасаумен байланысты іс жүргізу барысында жалған айғақтар беруге көндіру немесе айғақтар беру немесе дәлелдер беру процесіне араласу мақсатында күш көрсету, қауіп төндіру немесе қорқыту әрекеттерін қолдану, немесе заңсыз басымдылыққа уәде беру,

о н ы ұ с ы н у н е м е с е б е р у ;

б) осы Конвенцияға сәйкес осындай қылмыстар деп танылған қылмыстарды жасаумен байланысты іс жүргізу барысында лауазымды тұлғаның немесе құқық қорғау органдарының қызметтік міндеттерін орындауға араласу мақсатында күш көрсету, қауіп төндіру немесе қорқыту әрекеттерін қолдану. Осы тармақшада жария лауазымды тұлғалардың басқа санаттарын қорғауды қамтамасыз ететін заңнамаға ие болуы Қатысушы мемлекеттердің құқығына ешқандай нұқсан келтірмейді.

26-бап

Заңды тұлғалардың жауапкершілігі

1. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің құқықтық принциптерін ескере отырып, осы Конвенцияға сәйкес осындай қылмыстар деп танылған қылмыстарға қатысқаны үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін анықтау үшін талап етілуі мүмкін шаралар қолданады.

2. Қатысушы мемлекеттің құқықтық принциптерін сақтаған жағдайда заңды тұлғалардың жауапкершілігі қылмыстық, азаматтық-құқықтық немесе әкімшілік жауапкершілік болуы мүмкін.

3. Ондай жауапкершілікті жүктеу қылмыс жасаған жеке тұлғалардың жауапкершілігіне нұқсан келтірмейді.

4. Әрбір Қатысушы мемлекет, атап айтқанда, осы бапқа сәйкес жауапкершілікке тартылатын заңды тұлғаларға қатысты, ақша санкцияларын қоса алғанда, қылмыстық немесе қылмыстық емес тиімді, мөлшерлес және тежейтін ықпал ететін санкцияларды қолдануды қамтамасыз етеді.

27-бап

Қатысу және қастандық жасау

1. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес кез келген жағдайда қатысуын, мысалы, сыбайлас, еліктетуші немесе айдап салушы ретінде қатысуын, осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмыс жасауын қылмыстық жазалау әрекеті ретінде тану үшін қажет болатын заңнамалық және басқа да шараларды қолданады.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмысты жасауға кез келген оқталуын қылмыстық жазалау әрекеті ретінде тану үшін қажет болатын заңнамалық және басқа да шараларды қолдана алады.

3. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне орай осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмысты жасауға

дайындалуды қылмыстық жазалау әрекеті ретінде тану үшін қажет болатын заңнамалық және басқа да шараларды қолдана алады.

28-бап

Ұғыну, ниет ету және тікелей ниеттену - қылмыс элементтері

Осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмыс элементтері ретінде қажетті ұғыну, ниет ету немесе тікелей ниеттену істің объективті нақты мән-жайларымен анықталуы мүмкін.

29-бап

Ескіру мерзімі

Әрбір Қатысушы мемлекет тиісті жағдайларда өзінің ішкі заңнамасына орай осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған кез келген қылмысқа қатысты іс жүргізуді қозғау үшін ұзақ ескіру мерзімін белгілейді және неғұрлым ұзақ ескіру мерзімін немесе қылмыс жасады деп күдік туғызған адам сот билігінен жалтарған жағдайларда ескіру мерзімінің өтуін тоқтата тұру мүмкіндігін анықтайды.

30-бап

Ізге түсу, сот шешімін шығару және санкциялар

1. Әрбір Қатысушы мемлекет осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмысты жасағаны үшін осы қылмыстың қауіптілік деңгейі ескерілетін қылмыстық санкциялар қолдануды көздейді.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің құқықтық жүйесіне және конституциялық принциптеріне сәйкес олардың өздерінің міндеттерін орындаумен және мүмкіндіктеріне байланысты жария лауазымды тұлғаларға берілген кез келген иммунитеттері мен заңдық іс жүргізу басымдылықтары арасында сенімді тепе-теңдікті анықтау немесе қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда, тиімді тергеу мен қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыру, осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған кез келген қылмыстармен байланысты сот шешімін шығару үшін қажетті шараларды қолданады.

3. Әрбір Қатысушы мемлекет осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмыс үшін осы қылмыстарға қатысты құқық қорғау шараларының барынша тиімділігіне қол жеткізу және осындай қылмыстарды жасауға кедергі келтіру қажеттігін тиісінше ескере отырып, оның ішкі заңнамасында көзделген қылмыстық ізге түсуге қатысты кез келген заңдық сенімсіздік білдіру өкілеттіктерін пайдалануды қамтамасыз етуге ұмтылады.

4. Осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстарға қатысты әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заң заңнамасына сәйкес және қорғау құқықтарын тиісті

түрде ескере отырып, сотқа дейін немесе кассациялық шағымдану немесе наразылық бойынша босату туралы шешімдерімен байланысты белгіленген жағдайлар кейінгі іс жүргізу барысында айыпталушының қатысуы қажеттігін ескеру үшін тиісті шаралар қолданады.

5. Әрбір Қатысушы мемлекет осындай қылмыстар үшін сотталған адамдарды мерзімінен бұрын немесе шартты түрде босату туралы мәселе қараған кезде тиісті қылмыстардың қауіптілік деңгейін ескереді.

6. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес рәсімдерді белгілеу мүмкіндіктерін қарастырады, олардың көмегімен жария лауазымды тұлға осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыс жасағаны үшін айыпты адамды тиісті жағдайларда уақытша қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуі немесе кінәсіздік презумпциясы принципін құрметтеу қажеттігін ескере отырып, тиісті органмен басқа қызметке ауыстыру мүмкін.

7. Бұл қылмыстың қауіптілік деңгейін ескере отырып, негізделген кезде әрбір Қатысушы мемлекет құқықтық жүйенің негізгі принциптеріне қандай дәрежеде сай келуі жағдайында оның ішкі заңнамасымен белгіленген осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыс үшін сотталған адамдарды соттың шешімімен немесе кез келген басқа да тиісті құралдар көмегімен оны белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыру үшін рәсімдерін белгілеу:

а) жария қызметпен айналысу; және

б) толық немесе ішінара мемлекет меншігіндегі қандай да бір кәсіпорында лауазымды қызмет атқару құқығынан толық айыру мүмкіндігін қарастырады.

8. Осы баптың 1-тармағы құзыретті органдардың азаматтық қызметшілерге қатысты тәртіптік өкілеттіктерін жүзеге асыруға нұқсан келтірмейді.

9. Конвенцияға кіретін принцип ештеңені де қозғамайды, бұл принципке орай осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстарды және қолданылатын заңды наразылықтарды немесе әрекеттердің заңдылығын анықтайтын басқа да құқықтық принциптерді анықтау әрбір Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасы саласына жатады, ал осындай қылмыстар үшін қылмыстық ізге түсу мен жазалау осы заңға сәйкес жүзеге асырылады.

10. Қатысушы мемлекет осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстары үшін сотталған адамдардың қоғамға оралуына жәрдемдесуге ұмтылады.

31-бап

Операцияларды тоқтата тұру (тұмшалау), тыйым салу мен тәркілеу

1. Әрбір Қатысушы мемлекет, ең көп дәрежеде, оның ішкі құқықтық жүйесі ауқымында тәркілеудің мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қажет болса

сондай

шараларды

қолданады:

а) осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстардан түскен табыстарды немесе құны осындай табыстардың құнына сәйкес келетін мүлікті;

б) осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстарды жасау кезінде пайдаланылған немесе пайдалануға арналған мүлікті, жабдықты немесе басқа да құралдарды.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет кейіннен тәркілеу мақсатында осы баптың 1-тармағында аталған кез келгенін анықтау, ізге түсу, тұмшалау немесе тыйым салу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қажет болатын шараларды қолданады.

3. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасына сәйкес осы баптың 1 және 2-тармақтарында көрсетілген бөгеп тастауға, тыйым салынған немесе тәркіленген мүлікті құзыретті органдардың басқаруын реттеу үшін қажет болатын заңды және басқа да шараларды қолданады.

4. Егер қылмыс жасаудан түскен мұндай табыстар ішінара немесе толықтай басқа мүлікке айналдырылған немесе өзгертілген болса, онда осы бапта көрсетілген шаралар осындай мүлікке қатысты қолданылады.

5. Егер қылмыс жасаудан түскен мұндай табыстар заңды көздерден алынған мүлікке қоса берілген болса, онда тұмшалауға немесе тыйым салуға қатысты кез келген өкілеттіктерге нұқсан келтірмей тәркілеуге қосылып берілген табыстардың бағалау құнына сәйкес келетін мүліктің бөлігі тәркілеуге жатады.

6. Қылмыстардан түскен осындай табыстардан алынған, қылмыстардан түскен осындай табыстарға айналдырылған немесе өзгертілген мүліктен түскен осындай табыстардан алынған немесе қылмыстардан түскен осындай табыстар қосылған мүліктен алынған пайдаға немесе басқа қолайлы жағдайларға да осы бапта көрсетілген шаралар қылмыстардан түскен табыстарға қатыстыдай түрде және дәрежеде қолданылады.

7. Осы баптың және осы Конвенцияның 55-бабының мақсаты үшін әрбір Қатысушы мемлекет өздерінің соттарына және басқа да органдарға банктік, қаржылық немесе коммерциялық құжаттарын беру немесе тыйым салу туралы қаулы шығаруға уәкілдік береді. Қатысушы мемлекет банк құпиясын сақтау қажеттігіне сілтеме жасай отырып, осы тармақтың ережелеріне сәйкес шаралар қолданудан жалтармайды.

8. Қатысушы мемлекеттер қылмыс жасаған адам тәркілеуге жататын қылмыстан немесе басқа мүліктен түскен осындай болжалды табыстардың заңды шығу көзін мұндай талаптың оның ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне және соттың және өзге де іс қарауының сипатына қандай деңгейде сәйкес келуін дәлелдеу үшін осындай талапты белгілеудің мүмкіндігін қарастыруы мүмкін.

9. Осы баптың ережелері адал үшінші тараптың құқықтарына нұқсан келтіретіндей болып түсіндірілмейді.

10. Осы бапқа кіретіндер онда айтылатын шаралар туралы принципті еш қозғамайды, бұл шаралар Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының ережелеріне сәйкес және оларды сақтаған жағдайда анықталып, жүзеге асырылады.

32-бап

Куәларды, сарапшылар мен жәбірленушілерді қорғау

1. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі құқықтық жүйесіне сәйкес және өздерінің мүмкіндіктері шектерінде осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстармен байланысты айғақтар беретін куәлар мен сарапшыларға қатысты және тиісті жағдайларда, олардың туыстары мен басқа да жақын адамдарына қатысты ықтимал кек алудан немесе қорқытудан тиімді қорғауды қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қолданады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шараларға, айыпталушының құқықтары үшін, оның ішінде тиісінше істі қарау құқығы үшін нұқсан келтірмей, басқаларымен қ а т а р м ы н а л а р :

а) осындай адамдарды күш қолданудан қорғау, мысалы - мұның қандай дәрежеде қажеттігі мен оны нақты жүзеге асыруына қарай, - оларды басқа жерге көшіру үшін рәсімдерді белгілеу және рұқсат етілетін ережелерді қабылдау, тиісті жағдайларда, осындай адамдардың жеке басына және олар орналасқан жерге қатысты хабарламаны жария етпеуге, немесе хабарламаны осылайша жария етуге шектеулерді белгілейді;

б) куәлар мен сарапшыларға осындай адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей мысалы, айғақты бейне жазбалар немесе басқа да тиісті құралдар сияқты байланыс құралдарының көмегімен рұқсат берілген айғақтар беруге мүмкіндік беретін дәлелдеу ережелерін қабылдау кіруі мүмкін.

3. Қатысушы мемлекеттер осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдардың қоныс аударуына қатысты басқа мемлекеттермен келісімдер немесе уағдаластықтар жасау мүмкіндігін қарастырады.

4. Осы баптың ережелері олардың куәлар болып табылатындай дәрежеде жәбірленушілерге қатысты да қолданылады.

5. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасын сақтаған жағдайда, қылмыстық іс жүргізудің тиісті сатыларында қылмысты қорғау құқықтарына нұқсан келтірмей жасаған адамдарға қатысты жәбірленушілердің пікірлері мен қауіптенулерін айтуы мен қарауы үшін мүмкіндіктер туғызады.

33-бап

Ақпарат хабарлайтын адамдарды қорғау

Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі құқықтық жүйесіне осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстармен байланысты кез келген фактілер туралы

құзыретті органдарға адал және ақылға қонымды негіздерде хабарлайтын кез келген адамды кез келген әділетсіз жүгінулерден қорғауды қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды енгізу мүмкіндігін қарастырады.

34-бап

Сыбайлас жемқорлық әрекеттердің салдарлары

Үшінші тараптардың адал иеленген құқықтарын тиісті есепке ала отырып, әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес сыбайлас жемқорлықтың салдарлары туралы мәселені реттеу үшін шаралар қолданады. Бұл тұрғыда Қатысушы мемлекеттер сыбайлас жемқорлықты келісім-шарттарды жою немесе бұзу немесе концессияларды немесе басқа да осыған ұқсас тетіктерді кері қайтарып алу, немесе туындаған жағдайды түзету бойынша өзге де шаралар қабылдау үшін іс жүргізудегі маңызды фактор ретінде қарастыруы мүмкін.

35-бап

Залалдың өтемақысы

Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес қандай да бір сыбайлас жемқорлық әрекеттің нәтижесінде залал шеккен заңды немесе жеке тұлғаның өтемақы алу үшін осы келтірілген залалға жауапты адамдарға қатысты іс қозғауға құқығы болуын қамтамасыз ету үшін қажет болатын шараларды қолданады.

36-бап

Мамандырылған органдар

Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес, құқық қорғау шараларының көмегімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске маманданған органының немесе органдарының немесе адамдарының болуын қамтамасыз етеді. Бұндай органға немесе органдарға немесе адамдарға Қатысушы мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізгі принциптеріне сәйкес, өздерінің қызметтерін тиімді және қандай да бір тиісінше ықпал жасамай орындай алуы үшін қажетті дербестікті қамтамасыз етеді. Осындай органның немесе органдардың мұндай адамдары немесе қызметкерлері өздерінің міндеттерін атқару үшін тиісінше біліктілік пен ресурстарға ие болуға тиіс.

37-бап

Құқық қорғау органдарымен ынтымақтастық

1. Әрбір Қатысушы мемлекет осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмыс жасауға, тергеу мен дәлелдеу мақсатында құзыретті органдар үшін пайдалы ақпарат беруге, қылмыскерлерді қылмыстардан түскен табыстардан айыруға ықпал ете алатын құзыретті органдарға іс жүзінде, нақты көмек беруге және осындай табыстарды қайтару жөнінде шаралар қолдануға қатысатын немесе қатысқан адамды көтермелеу үшін тиісті шаралар қабылдайды.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет тиісті жағдайларда осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмыс жасаумен байланысты тергеуде немесе ізге түсуде елеулі түрде ынтымақтасқан айыпталушы адамның жазасын жеңілдету мүмкіндігін көздейтін мәселені қарастырады.

3. Әрбір Қатысушы мемлекет тиісті жағдайларда өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмыс жасаумен байланысты тергеуде немесе ізге түсуде елеулі түрде ынтымақтасқан адамға иммунитет мүмкіндігін көздейтін мәселені қарастырады.

4. Бұндай адамдарды қорғау, *mutatis mutandis* осы Конвенцияның 32-бабында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

5. Осы баптың 1-тармағында айтылған адам Қатысушы мемлекеттің бірінде болған жағдайларда, басқа Қатысушы мемлекеттің құзыретті органдарымен елеулі түрде ынтымақтасуы мүмкін, мүдделі Қатысушы мемлекеттер өздерінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес, келісімдер немесе уағдаластықтар жасау, басқа Қатысушы мемлекеттің осындай адамына осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген режимнің ықтимал берілуіне қатысты мүмкіндіктерін қарастыра алады.

38-бап

Ұлттық органдар арасындағы ынтымақтастық

Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес ынталандыру үшін, бір жағынан, оның көпшілікке арналған органдарымен, сондай-ақ жария лауазымды тұлғалармен, екінші жағынан, қылмыстармен байланысты тергеу мен ізге түсу үшін жауапты органдарымен ынтымақтасу үшін қажет болуы мүмкін шараларды қолданады. Мұндай ынтымақтастыққа мыналар жатады:

а) осындай жауапты органдарға, егер осы Конвенцияның 15, 21 және 23-баптарына сәйкес осындай деп танылған кез келген қылмыс жасады деп ойлау үшін ақылға қонымды негіз болса, өзінің тікелей бастамасы бойынша ақпарат беру; немесе

б) осындай жауапты органдарға тиісті өтініш бойынша барлық қажетті ақпаратты беру жатады.

39-бап

Ұлттық органдар мен жеке сектор арасындағы ынтымақтастық

1. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес осы Конвенцияға орай осындай деп танылған қылмыстар жасауға байланысты мәселелер бойынша ұлттық тергеу органдарымен және прокуратура органдарымен және жеке сектордың ұйымдарымен, атап айтқанда, қаржы мекемелерімен арадағы ынтымақтастықты қолдау үшін қажет болуы мүмкін шараларды қолданады.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет, әдетте, оның аумағында тұратын азаматтар мен басқа да адамдарды ынталандыру, ұлттық тергеу органдары мен прокуратура органдарына осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмыс жасағаны жөнінде хабарлау туралы мәселені қарастырады.

40-бап

Банк құпиясы

Әрбір Қатысушы мемлекет осы Конвенцияға орай осындай деп танылған қылмыстармен байланысты ішкі қылмыстық тергеу жағдайында банк құпиясы туралы заңнаманы қолдану нәтижесінде туындауы мүмкін кедергілерді жеңу үшін өзінің ішкі құқықтық жүйесі аумағында тиісінше тетіктердің болуын қамтамасыз етеді.

41-бап

Соттылығы туралы мәліметтер

Әрбір Қатысушы мемлекет осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстармен байланысты қылмыстық іс жүргізу барысында осындай ақпаратты пайдалану үшін тергелетін қылмысты жасауда сезікті адамға қарсы басқа мемлекетте бұрын шығарылған кез келген айыптау үкімін, есепке алу үшін қажетті ол тиісінше деп есептейтін жағдайларда және мақсаттарда осындай заңнамалық немесе басқа да шараларды қабылдауы мүмкін.

42-бап

Юрисдикция

1. Әрбір Қатысушы мемлекет осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстарға қатысты өзінің юрисдикциясын анықтау үшін мынадай кезде:

а) қылмыс осы Қатысушы мемлекеттің аумағында жасалған болса; немесе
б) қылмыс жасалған кезде осы Қатысушы мемлекеттің жалауы ілінген кеме қорабында немесе осы Қатысушы мемлекет заңнамасына сәйкес тіркеген әуе кемесінде қылмыс жасалған болса, осы мезгілде қажет болуы мүмкін шаралар қолданылады.

2. Осы Конвенцияның 4-бабын сақтаған жағдайда Қатысушы мемлекет сонымен бірге мына кездерде кез келген қылмысқа қатысты өзінің юрисдикциясын:

а) қылмыс осы Қатысушы мемлекеттің азаматына қарсы жасалған; немесе

б) қылмысты осы Қатысушы мемлекеттің азаматы немесе әдетте оның аумағында тұратын азаматтығы жоқ адам жасаған кезде; немесе

с) қылмыс осы Конвенцияның 23-бабы 1-тармағының (b) (ii) тармақшаларына сәйкес осындай деп танылған қылмыстардың бірі болып табылады және осы Конвенцияның 23-бабы 1-тармағының (b) (ii) тармағына немесе (b) (i) тармақшаларына сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмыс жасау мақсатында одан тыс жерде ж а с а л ғ а н ; н е м е с е

д) қылмыс осы Қатысушы мемлекетке қарсы жасалған кезде белгілей алады.

3. Осы Конвенцияның 44-бабының мақсаттары үшін әрбір Қатысушы мемлекет қылмыс жасады деп күдік туғызған адам оның аумағында болса және оның мемлекет азаматтарының бірі болып табылатыны негізінде бермеген кезде осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстарға қатысты юрисдикциясын белгілеу үшін қажет болуы мүмкін шараларды қолданады.

4. Әрбір Қатысушы мемлекет қылмыс жасады деп күдік туғызатын адам оның аумағында болып, бұл адамды бермеген кезде, осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстарға қатысты өзінің юрисдикциясын белгілеу үшін қажет болуы мүмкін шараларды қолдана алады.

5. Егер осы баптың 1 немесе 2-тармағына сәйкес юрисдикциясын жүзеге асыратын Қатысушы мемлекет кез келген басқа Қатысушы мемлекеттер осы әрекетке байланысты тергеуді, қылмыстық қудалауды немесе сот тергеуін жүзеге асыратындығы туралы хабарлама алса немесе өзге де жолдар арқылы білсе, онда Қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары тиісті жағдайларда өздерінің әрекетін үйлестіру мақсатында бір-бірімен кеңестер жүргізеді.

6. Халықаралық құқықтың жалпы нормаларына нұқсан келтірмей, осы Конвенция Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасына сәйкес белгілейтін кез келген қылмыстық іс жүргізуі құқығын жоққа шығармайды.

IV тарау

Халықаралық ынтымақтастық 43-бап

Халықаралық ынтымақтастық

1. Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияның 44-50-баптарына сәйкес қылмыстық-құқықтық мәселелер бойынша ынтымақтасады. Мұның өзі тиімді және олардың ішкі құқықтық жүйесіне сәйкес келген кезде Қатысушы мемлекеттер сыбайлас жемқорлықпен байланысты азаматтық-құқықтық және әкімшілік мәселелері бойынша бір-біріне көмек көрсету мүмкіндігін қарастырады.

2. Халықаралық ынтымақтастық мәселелеріне қатысты тиісті әрекетті қылмыс деп өзара мойындау принципін сақтау талап етілген кезде, бұл принцип сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің заңнамасы тиісті әрекетті қылмыстардың сол санатына

жатқызу-жатқызбауына немесе ол, егер көмек сұралатын қылмыс құрамы құрайтын әрекет екі Қатысушы мемлекеттің заңнамасына сәйкес қылмыстық жазаланатын деп танылатын болса, оны сұрау салынған Қатысушы мемлекеттегі сияқты терминдердің көмегімен сипаттауына-сипаттамауына қарамастан бұл сақталған деп есептеледі.

44-бап

Қылмыскерді беру

1. Осы Бап, егер өзіне қатысты тапсырылуы сұралатын адам сұрау салған Қатысушы мемлекеттің аумағында болса, осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстарға мына жағдайда қолданылады: адамды беруді сұрауға байланысты әрекет сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің, сондай-ақ сұрау салатын Қатысушы мемлекеттің де ішкі заңнамасына сәйкес қылмыстық жазалау әрекеті болып табылады.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, заңы бұған жол беретін Қатысушы мемлекет осы Конвенциямен қамтылған кез келген қылмысқа байланысты қандай да бір адамды беруі мүмкін, ол қылмыстар оның өзінің ішкі заңнамасына сәйкес қылмыстық жазалау қылмыстары болып табылмайды.

3. Егер беру туралы өтініш кемінде олардың біреуі осы бапқа сәйкес тапсыруға әкеп соқтыруы мүмкін бірнеше жекелеген қылмыстарға қатысты болса, ал басқалары олар үшін жазаның мерзімі себепті беруге әкеп соқтырмауы мүмкін, бірақ осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылатын қылмыстарға жатады, сұрау салынған Қатысушы мемлекет осы қылмыстарға қатысты да бұл бапты қолдануы мүмкін.

4. Осы бап қолданылатын қылмыстардың әрқайсысы тапсыруға әкеп соқтыруы мүмкін қылмыс ретінде Қатысушы мемлекеттер арасындағы тапсыру туралы қазіргі кез келген шартқа енгізілген деп есептеледі. Қатысушы мемлекеттер мұндай қылмыстарды олардың арасында жасалатын тапсыру туралы кез келген шартқа тапсыруға әкеп соқтыруы мүмкін қылмыстар ретінде енгізуге міндеттенеді. Осы Конвенцияны тапсыру үшін негіздеме ретінде пайдаланған кезде заңнамасы оған жол беретін Қатысушы мемлекет осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстың кез келгенін саяси қылмыс деп есептемейді.

5. Егер тапсыруын шарттың болуымен байланыстыратын Қатысушы мемлекет басқа Қатысушы мемлекеттен беру туралы өтініш алса, бұл мемлекеттің онымен тапсыру туралы шарты болмаса, ол осы Конвенцияны осы бап қолданылатын кез келген қылмысқа байланысты құқықтық негіз ретінде қарастыра алады.

6. Тапсырылуы шарттың болуымен байланыстыратын Қатысушы мемлекет:

а) өзінің грамотасын немесе осы Конвенцияны қабылдау немесе бекіту немесе оған қосылу туралы құжатын сақтауға өткізген кезде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас

хатшысына ол осы Конвенцияны беру мәселелерінде басқа Қатысушы мемлекеттермен ынтымақтасу үшін құқықтық негіз ретінде пайдаланатыны жөнінде хабарлайды; және

b) егер ол осы Конвенцияны беру мәселелерінде ынтымақтастық үшін құқықтық негіз ретінде пайдаланбайтын болса, тиісті жағдайларда, осы бапты пайдалану мақсатында осы Конвенцияның басқа да Қатысушы мемлекеттерімен тапсыру туралы шарттар жасасуға ұмтылады.

7. Тапсыруды шарттың болуымен байланыстырмайтын Қатысушы мемлекеттер өзара қатынастарында осы бап қолданылатын қылмыстарды тапсыруға әкеп соқтыратын қылмыстар ретінде таниды.

8. Беру сұралатын Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасымен көзделген шарттарына, немесе, басқаларымен қатар, беруге қатысты ең төмен жазалау туралы талаптармен байланысты шартты және сұрау салынған Қатысушы мемлекет тапсырудан бас тартатын негіздерді қоса алғанда, беру туралы қолданылатын шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

9. Осы бап қолданылатын кез келген қылмысқа қатысты Қатысушы мемлекеттер өздерінің ішкі заңнамасын сақтаған жағдайда тапсыру рәсімін жеделдетуге және дәлелдемелер беру туралы онымен байланысты талаптарды жеңілдетуге күш-жігер жұмсайды.

10. Өзінің ішкі заңнамасының және тапсыру туралы шарттарының ережелерін сақтаған жағдайда, Қатысушы мемлекет мән-жайлар осыны қажет ететініне және шұғыл сипаты бар екеніне көз жеткізе отырып, сұрау салған Қатысушы мемлекеттің өтініші бойынша тапсыру сұралатын адамды оның аумағында күзетке алуы немесе беру рәсімі барысында оның қатысуын қамтамасыз ету үшін басқа да тиісті шаралар қолдануы мүмкін.

11. Аумағында қылмыс жасағаны үшін күдікті адам болатын Қатысушы мемлекет, егер осы бап қолданылатын қылмысқа байланысты осындай адамды ол азаматтардың бірі болып табылады деген негізде ғана тапсырмайтын болса, тапсыруға сұрау салған Қатысушы мемлекеттің өтініші бойынша істі кешіктірмей қылмыстық ізге түсу мақсаты үшін өзінің құзыретті органдарына тапсырады. Бұл органдар өзінің шешімін қабылдайды және өндірісті осы Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасына сәйкес қауіпті сипаттағы кез келген қылмыс жағдайы сияқты жүзеге асырады. Мүдделі Қатысушы мемлекеттер осындай тиімді ізге түсуді қамтамасыз ету үшін, атап айтқанда, іс жүргізу мәселелері мен дәлелдеу мәселелері бойынша бір-бірімен ынтымақтасады.

12. Барлық жағдайда да, Қатысушы мемлекетке, оның ішкі заңнамасына сәйкес мынадай шарттармен азаматтарының біреуін тапсыруға немесе өзгеше жолмен өткізуге рұқсат етіледі. Бұл адам осы Қатысушы мемлекетке сотта қарау немесе өндіріс нәтижесінде тағайындалған жазасын өтеу үшін қайтарылатын болады, осылармен байланысты осы адамды беру мен өткізу сұралған да болатын және осы адамды тапсыруға сұрау салған Қатысушы мемлекет пен Қатысушы мемлекет мұндай

тәртіппен және тиісті есептесуі мүмкін басқа да шарттармен келіседі, мұндай шартты түрдегі беру мен өткізу осы баптың 11-тармағындағы міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болып табылады.

13. Егер үкімді орындау мақсатында сұрау салынған тапсырудан бас тартылатын болса, іздестірілетін адам сұрау салған Қатысушы мемлекеттің азаматы болып табылса, егер бұған оның ішкі заңнамасы жол беретін болса және бұл осындай заңнаманың талаптарына сәйкес келетін болса, сұрау салған Қатысушы мемлекеттің өтініші бойынша Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасына сәйкес шығарылған үкімді немесе үкімнің қалған бөлігін орындау туралы мәселені қарайды.

14. Осы бап қолданылатын кез келген қылмысқа байланысты іс бойынша іс жүргізу жүзеге асырылатын кез келген адамға, осы адам аумағында болатын Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасымен көзделген барлық құқықтар мен кепілдіктерді жүзеге асыруды қоса алғанда, іс жүргізудің барлық сатыларында әділ жүгіну қамтамасыз етіледі.

15. Ештеңе де егер сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің тапсыру туралы өтініші адамның жынысы, нәсілі, діни нанымы, азаматтығы, этникалық шығу тегі немесе саяси сенімі себепті қандай да бір адамның ізіне түсу немесе жазалау мақсаты немесе бұл өтінішті қанағаттандыру осы себептердің кез келгені бойынша осы адамның жағдайына нұқсан келтіреді деп ойлаудың елеулі негіздері болса, осы Конвенцияның міндеттемесі ретінде түсіндірілмейді.

16. Қатысушы мемлекеттер қылмыс, сонымен бірге салық мәселелерімен байланысты деп есептелуі негізінде ғана беру туралы өтінішті орындаудан бас тарта алмайды.

17. Беруден бас тартқанға дейін сұрау салынған Қатысушы мемлекет тиісті жағдайларда, оның пікірлерін айту және оның өтінішінде айтылған фактілерге қатысы бар ақпаратты беру үшін оған жеткілікті мүмкіндіктер беру үшін сұрау салған Қатысушы мемлекетпен кеңес жүргізеді.

18. Қатысушы мемлекеттер беруді жүзеге асыру немесе тиімділігін арттыру мақсатында екіжақты және көп жақты келісімдер немесе уағдаластықтар жасауға ұмтылады.

45-бап

Сотталған адамдарды тапсыру

Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстар үшін олардың жаза мерзімін өздерінің аумағында өткізуі үшін түрмеге қамауға немесе бас бостандығынан айырудың басқа да түрлеріне сотталған адамдарды өткізу туралы екіжақты немесе көп жақты келісімдер немесе уағдаластықтар жасау мүмкіндігін қарауы мүмкін.

46-бап

Өзара құқықтық көмек

1. Қатысушы мемлекеттер осы Конвенциямен қамтылатын қылмыстарға байланысты тергеуде, қылмыстық ізге түсуде және сотта іс қарауда бір-біріне аса кең көлемді өзара құқықтық көмек көрсетеді.

2. Өзара құқықтық көмек ең көп мүмкіндігі болатын көлемде, тиісті заңдарға, халықаралық шарттарға, сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің келісімдері мен уағдаластықтарына сәйкес беріледі, сұрау салған Қатысушы мемлекетте жасалған қылмыстарға байланысты тергеуге, ізге түсуге және сотта іс қарауға қатысты осы Конвенцияның 26-бабына сәйкес заңды тұлға жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

3. Осы бапқа сәйкес берілетін өзара құқықтық көмек мына мақсаттардың кез келгені үшін сұрау салынуы мүмкін:

- a) жекелеген адамдардан куәнің айғақтарын немесе мәлімдемелерін алу;
- b) сот құжаттарын тапсыру;
- c) тінту, тыйым салуды жүргізу, сондай-ақ операцияларды тоқтата тұру (тұмшалау);
- d) объектілер мен жер учаскелерін қарау;
- e) ақпаратты, заттай дәлелдемелер мен сарапшылар бағалауларын беру;
- f) үкіметтік, банк, қаржы, корпорациялық немесе коммерциялық құжаттарды қоса алғанда, тиісті құжаттар мен материалдардың түпнұсқаларын немесе куәландырған көшірмелерін беру;
- g) дәлелдеу мақсаттары үшін қылмыстардан түсетін табыстарды, мүлікті, қылмыстар жасау құралдарын және басқа да заттарды анықтау немесе қадағалау;
- h) сұрау салған Қатысушы мемлекет органдарының тиісті адамдарының ерікті түрде келуіне көмектесу;
- i) сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасына қайшы келмейтін көмектің кез келген түрін көрсету;
- j) осы Конвенцияның V тарауының тиісті ережелеріне сәйкес қылмыстардан түсетін табыстарды анықтау, қозғалысын тұмшалау мен қадағалау;
- k) осы Конвенцияның V тарауының ережелеріне сәйкес активтерді алып қою.

4. Ішкі заңнамаға нұқсан келтірмей, Қатысушы мемлекеттің құзыретті органдары басқа Қатысушы мемлекеттегі қылмыстық-құқықтық мәселелерге қатысты ақпаратты алдын ала өтініш жасамастан олар мұндай хабарлама тергеу мен қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыруға немесе оны табысты аяқтауға көмек көрсетеді немесе осы Конвенцияға сәйкес осы Қатысушы мемлекет жасаған өтінішке әкеп соғады деп есептеп ақпаратты бере алады.

5. Ақпаратты тапсыру осы баптың 4-тармағына сәйкес оны беретін мемлекеттегі құзыретті органдардың тергеуіне және қылмыстық іс жүргізуіне нұқсан келтірместен жүзеге асырылады. Ақпаратты алған құзыретті органдар осы хабарламаның құпиялық

сипатын, тіпті уақытша негізде де, сақтау туралы өтінішті орындайды, немесе оны пайдалануға шектеулерді сақтайды. Ақпаратты алған Қатысушы мемлекетке ондағы өндіріс барысында айыпталушыны ақтайтын хабарламаны ашуға кедергі келтірмейді. Мұндай жағдайда хабарламаны ашқанға дейін хабарламаны алған Қатысушы мемлекет хабарламаны берген Қатысушы мемлекетке, егер ол туралы өтініш алынса, хабарлама берген Қатысушы мемлекетпен кеңес жүргізеді. Егер, ерекше жағдайларда, уақтылы жазбаша ақпарат беру мүмкін болмаса, онда ақпаратты алған Қатысушы мемлекет ақпаратты берген Қатысушы мемлекетке осындай ашу туралы хабарлайды.

6. Осы баптың ережелері, екіжақты немесе көп жақты болса да, өзара құқықтық көмекті толық немесе ішінара реттейтін немесе реттейтін болатын қандай да бір басқа шарт бойынша міндеттемелерді қозғамайды.

7. Осы баптың 9-29-тармақтары, егер тиісті Қатысушы мемлекеттер өзара құқықтық көмек туралы қандай да бір шартпен байланысты болмаса, осы баптың негізінде жіберілген өтініштерге қолданылады. Егер осы Қатысушы мемлекеттер мұндай шартпен байланысты болса, егер тек қана олармен бірге осы баптың 9-29-тармақтарын қолданумен Қатысушы мемлекеттер келіспейтін болса, онда осы шарттың тиісті шарттары қолданылады. Егер бұл ынтымақтастыққа көмектесетін болса, Қатысушы мемлекеттерге осы тармақтарды қолдану табандылықпен ұсынылады.

8. Қатысушы мемлекеттер банк құпиясы негізінде осы бапқа сәйкес өзара құқықтық көмек беруден бас тартпайды.

9. а) Сұрау салынған Қатысушы мемлекет, көмек беру туралы өтінішке жауап қайтара отырып, осы бапқа сәйкес тиісті әрекетті қылмыс деп танудың екіжақты болмауы жағдайында 1-бапта көрсетілген осы Конвенцияның мақсаттарын назарға алады.

б) Қатысушы мемлекеттер осы бапқа сәйкес тиісті әрекетті қылмыс деп танудың екіжақты болмауы негізінде көмек беруден бас тартуы мүмкін. Сонымен бірге сұрау салынған Қатысушы мемлекет, бұл оның құқықтық жүйесінің негізгі тұжырымдарына сәйкес келген кезде, егер мұндай көмек мәжбүрлеу шараларына байланысты болмаса, көмек береді. Өтініштер *de minimis* сипатындағы мәселелермен немесе сұрау салынатын ынтымақтастық немесе көмек осы Конвенцияның басқа ережелеріне сәйкес қамтамасыз етілетін мәселелермен ұштасқан кезде, мұндай көмектен бас тартылуы мүмкін.

с) әрбір Қатысушы мемлекет ол тиісті әрекетті қылмыс деп танудың екіжақты болмауы жағдайында осы бапқа сәйкес көп көлемде беру жай-күйінде болуы үшін қажет болуы мүмкін шаралар қолдану мүмкіндігін қарастырады.

10. Бір Қатысушы мемлекеттің аумағында күзетте ұсталатын немесе түрмеде ұстау мерзімін өтейтін және басқа Қатысушы мемлекетте болатын адам осы Конвенциямен қамтылатын қылмыстарға байланысты дәлелдемелер алуда оның жеке басын анықтау, айғақтар беру немесе тергеу, қылмыстық ізге түсу немесе сотта тергеу немесе өзге де

көмек көрсету мақсаттары үшін талап етіліп, мына шарттарды сақтаған жағдайда өткізілуі мүмкін:

а) бұл адам саналы ерікті түрде өзінің келісімін береді;

б) екі Қатысушы мемлекеттің құзыретті органдары осы Қатысушы мемлекеттер тиісті деп есептейтін шарттар негізінде келісімге қол жеткізеді.

11. Осы баптың 10-тармағының мақсаттары үшін:

а) адам тапсырылған Қатысушы мемлекет, егер тек осы адамды өткізген Қатысушы мемлекет өзге шартты өтінбесе немесе өзгеше санкция бермейтін болса, адамды күзетте ұстауға құқылы және міндетті болады;

б) адам тапсырылған Қатысушы мемлекет бұрын келіскеніндей немесе екі Қатысушы мемлекеттің өзгеше келіскеніндей, осы адамды берген Қатысушы мемлекеттің билігіне қайтару жөніндегі өзінің міндеттемесін дереу орындайды;

с) осы адам тапсырылған Қатысушы мемлекет бұл адамды өткізген Қатысушы мемлекеттен оны қайтарып берудің рәсімін қозғауды талап етпейді;

д) тапсырылған адамға оны тапсырған мемлекетте өтейтін жаза мерзіміне ол тапсырылған Қатысушы мемлекетте күзетте ұсталған мерзімі есептеледі.

12. Осы баптың 10 және 11-тармақтарына сәйкес осы адамды тапсыруға тиісті Қатысушы мемлекеттің келісімінсіз оның азаматтығына қарамастан осы адам өткізілген мемлекет аумағында жазасын өтеу кезеңіне қатысты әрекетімен, әрекетсізділігімен немесе сотталуына байланысты осы адам өткізілген мемлекет аумағында қылмыстық ізге түсуге, күзетте ұстауға, жазалауға немесе оның жеке бостандығын қандай да бір басқаша шектеуге жатқызылмайды.

13. Әрбір Қатысушы мемлекет орталық органды тағайындайды, олар құзыретті органдарға орындау үшін өзара құқықтық көмек көрсету туралы өтініштер алу үшін және не олардың орындалуы үшін, оларды алып жүру үшін жауапты болады және тиісінше өкілеттіктерге ие болады. Егер Қатысушы мемлекеттер өзара құқықтық көмек көрсететін арнаулы аймақ немесе аумақ болса, ол осы аймақ немесе аумаққа қатысты осындай міндет атқаратын ерекше орталық орган тағайындайды. Орталық органдар алынған өтініштердің жедел және тиісті орындалуын немесе олардың жеткізілуін қамтамасыз етеді. Егер орталық орган орындау үшін өтінішті құзыретті органға жеткізетін болса, осы өтініштің құзыретті органға жедел және тиісті түрде орындалуына көмектеседі. Әрбір Қатысушы мемлекетке оның осы Конвенцияны қабылдау немесе бекіту туралы бекітілген грамотасын немесе құжатты сақтауға өткізген немесе оған қосылу кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы мақсатта тағайындалған орталық орган туралы жазбаша хабарландырылады. Өзара құқықтық көмек көрсету және оған қатысты кез келген хабарлар туралы өтініштер Қатысушы мемлекеттер тағайындайтын орталық органға жеткізіледі. Бұл талап мұндай өтініш пен хабардың оған дипломатиялық арналар арқылы, ерекше мән-жайлар жағдайында бұл туралы уағдаласқан кезде, егер бұл мүмкін болса, Қылмыстық

полицияның халықаралық ұйымы арқылы жіберілуі Қатысушы мемлекеттер талабына нұқсан келтірмейді.

14. Өтініштер жазбаша түрде жіберіледі немесе, егер, бұл мүмкін болса, осы Қатысушы мемлекетке түпнұсқалығын анықтау мүмкін болған жағдайда сұрау салынған Қатысушы мемлекет үшін қолайлы тілде жазбаша жасау мүмкіндігі берілетін кез келген құралдар көмегімен жіберіледі. Осы Конвенцияны қабылдау немесе бекіту туралы бекітілген грамотасын немесе құжатын сақтауға өткізген немесе оған қосылу кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы тілдер немесе әрбір Қатысушы мемлекет үшін қолайлы тілдер туралы жазбаша хабарланады. Төтенше жағдайлар кезінде және осы Қатысушы мемлекеттермен келіскен жағдайда өтініштер ауызша нысанда жіберілуі мүмкін, алайда дерек жазбаша нысанда расталады.

15. Өзара құқықтық көмек көрсету туралы өтініште мыналар көрсетіледі:

- a) өтініш жасаған органның атауы;
- b) өтінішке қатысты мәселелердің мәні және тергеу, қылмыстық ізге түсу немесе сотта іс қарау сипаты, сондай-ақ осы тергеуді, қылмыстық ізге түсуді немесе сотта іс қарауды жүзеге асыратын органның атауы;
- c) сот құжаттарын тапсыруға қатысты өтініштерді қоспағанда, тиісті фактілердің қысқаша мазмұны;
- d) сұралатын көмектің сипаттамасы және сақталуын сұрау салынған Қатысушы мемлекет қамтамасыз етуді қалайтын кез келген нақты рәсім туралы егжей-тегжейлі хабарлама;
- e) мүмкіндігінше, тиісті адамның жеке басы, болатын орны мен азаматтығы туралы деректер; және
- f) сұрау салынған дәлелдемелердің, ақпараттың немесе шаралардың мақсаты.

16. Сұрау салынатын Қатысушы мемлекет, егер бұл ақпарат оның ішкі заңнамасына сәйкес өтінішті орындау үшін қажетті болып табылса немесе бұл ақпарат осындай өтінішті орындауды қамтамасыз ететін болса, қосымша ақпарат сұрай алады.

17. Өтініш сұрау салған Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасына сәйкес сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасына қайшы келмейтін дәрежеде, ақпаратты немесе дәлелдемені, мүмкіндігінше, өтініште көрсетілген рәсімдерге сәйкес орындайды.

18. Егер қандай да бір адам Қатысушы мемлекеттің аумағында болып, оны басқа Қатысушы мемлекеттің сот органы куәгер немесе сарапшы ретінде тыңдауға тиіс болса, бірінші Қатысушы мемлекет басқа Қатысушы мемлекеттің өтініші бойынша, егер тиісті адамның сұрау салған Қатысушы мемлекеттің аумағында болуы мүмкін болмаса және қажетсіз болса, ішкі заңнамасының негізін қалайтын принциптерімен мүмкін болуына және оларға қаншалықты сәйкес келуіне қарай тыңдауды бейне байланыс

көмегімен өткізуге рұқсат етеді. Қатысушы мемлекеттер тыңдауды сұрау салған Қатысушы мемлекеттің сот органы сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің сот органы өкілдерінің қатысуымен өткізетіні туралы уағдаласуы мүмкін.

19. Сұрау салған Қатысушы мемлекет сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің тергеуді, қылмыстық ізге түсуді немесе сот талқылауын жүзеге асыру үшін берген хабарламасын немесе дәлелдемелерін, өтініште көрсетілген өзгеге сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің алдын ала келісімінсіз бермейді және пайдаланбайды. Осы тармақтағы ештеңе сұрау салған Қатысушы мемлекеттің өзінде өткізілетін іс жүргізуде айыпталушыны ақтайтын ақпаратты немесе дәлелдемені ашуына кедергі келтірмейді. Бұл жағдайда хабарламаны немесе дәлелдемені ашқанға дейін сұрау салған Қатысушы мемлекет сұрау салынған Қатысушы мемлекетті хабардар етеді және, егер осы жөнінде өтініш алынатын болса, сұрау салынған Қатысушы мемлекетпен консультация өткізеді. Егер, ерекше жағдайларда, уақтылы хабардар ету мүмкін болмаса, онда сұрау салған Қатысушы мемлекет сұрау салынған Қатысушы мемлекетке мұндай ашу жөнінде шұғыл хабарлайды.

20. Сұрау салған Қатысушы мемлекет, сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің, өтініштің өзін орындау үшін қажеттісін қоспағанда, өтініштің болуы мен мәнінің құпиялылығын сақтауын талап ете алады. Егер сұрау салынған Қатысушы мемлекет құпиялылық туралы талапты орындамайтын болса, ол бұл туралы сұрау салған Қатысушы мемлекетке дереу хабарлайды.

21. Өзара құқықтық көмек көрсетуден мына ретте:

- a) егер өтініш осы баптың ережелеріне сәйкес берілмесе;
- b) сұрау салынған Қатысушы мемлекет өтінішті орындау оның егемендігіне, қауіпсіздігіне, көпшілік тәртібіне немесе басқа да өмірлік маңызды мүдделеріне нұқсан келтіреді деп есептесе;
- c) егер сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің ішкі заңнамасы оның органдарына, егер де мұндай қылмыс оның іс жүргізу шектерінде тергеудің, қылмыстық ізге түсудің немесе сотта іс қараудың мәні болса, осындай кез келген ұқсас қылмысқа қатысты сұрау салынған шараларды жүзеге асыруға тыйым салады;
- d) егер өтінішті орындау өзара құқықтық көмек мәселелеріне қатысты сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің құқықтық жүйесіне қайшы келетін болса бас тартылуы мүмкін.

22. Қатысушы мемлекеттер өзара құқықтық көмек туралы өтінішті орындаудан қылмыс салық мәселелеріне байланысты деп есептеледі деген негізде ғана бас тарта алмайды.

23. Өзара құқықтық көмек көрсетуден кез келген ретте бас тарту дәлелденеді.

24. Сұрау салынған Қатысушы мемлекет өзара құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті оның мүмкін болуы себепті қысқа мерзімдерде орындайды, сұрау салған Қатысушы мемлекет өтініште артық саналатын, ұсынылған кез келген және дәлелді

шекті мерзімдерін толық ескереді. Сұрау салған Қатысушы мемлекет, оның өтінішін қанағаттандыру үшін сұрау салынған Қатысушы мемлекет қабылдайтын шаралардың мәртебесі мен оларды жүзеге асыру шаралары туралы ақылға қонымды сұрау салулармен жүгінуі мүмкін. Сұрау салған Қатысушы мемлекет сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің ақылға қонымды сұрау салуларына өтініштің мәртебесі мен орындалу барысы туралы жауап қайтарады. Сұрау салған Қатысушы мемлекет сұрау салынған Қатысушы мемлекетке сұралатын көмек туралы көмектің енді жоқ екенін шұғыл хабарлайды.

25. Өзара құқықтық көмек көрсету сұрау салынған Қатысушы мемлекет жүзеге асырылатын тергеуге, қылмыстық ізге түсуге немесе сот талқылауына кедергі келтіреді деген негізді кейінге қалдырылуы мүмкін.

26. Өтінішті орындаудан бас тартуға немесе оны орындау мерзімін кейінге қалдыруға дейін сұрау салынған Қатысушы мемлекет дейін, осы баптың 21-тармағына немесе 25-тармағына сәйкес сұрау салған Қатысушы мемлекет сұрау салынған Қатысушы мемлекетпен көмектің сұрау салынған Қатысушы мемлекет қажет деп есептейтін мерзімдерде және шарттарда берілуін анықтау үшін консультация жүргізеді. Егер сұрау салынған Қатысушы мемлекет осындай шарттарда көмекті қабылдайтын болса, онда ол бұл шарттарды сақтайды.

27. Осы баптың 12-тармағын қолдану үшін нұқсан келтірмей сұрау салған Қатысушы мемлекеттің куәгері, сарапшысы немесе өзге де адамы осы мемлекеттің өтініші бойынша іс жүргізу барысында сұрау салған Қатысушы мемлекеттің аумағында айғақтар беруге және тергеуді, қылмыстық ізге түсуді немесе сотта іс қарауды жүзеге асыру кезінде көмек көрсетуге келіседі, сұрау салған Қатысушы мемлекеттің аумағынан оның кеткеніне дейінгі кезеңге қатысты әрекетімен, әрекетсіздігімен немесе сотталуымен байланысты ол қылмыстық ізге түсуге, күзетпен қамауға, жазалауға немесе қандай да басқа жеке бостандығын шектеуге жатқызылмайды.

Жеке қауіпсіздік кепілдігінің бұндай күші, егер куәгер, сарапшы немесе өзге де адам дерлік он бес күн немесе осындай адамға ресми түрде сот органдары оның болуын бұдан әрі талап етпеуі, сұрау салынған Қатысушы мемлекет аумағынан кетуге мүмкіндіктің болуы, бірақ, соған қарамастан, ерікті түрде осы аумақта қалғаны немесе, оның аумағынан кете отырып, өзінің еркімен кейін қайтып оралғаны туралы хабарланған күннен бастап Қатысушы мемлекеттер арасында келісілген кез келген мерзім ішінде тоқтатылады.

28. Өтінішті орындаумен байланысты әдеттегі шығыстарды, егер мүдделі Қатысушы мемлекеттер өзгеше уағдаласпаған болса, сұрау салынған Қатысушы мемлекет өтейді. Егер өтінішті орындау елеулі немесе төтенше шығыстарды қажет етсе немесе қажет етпесе, онда Қатысушы мемлекеттер өтініш орындалатын шарттарды, сондай-ақ шығыстарды жабу тәртібін анықтау мақсатында кеңестер өткізеді.

29. Сұрау салынған Қатысушы мемлекет:

а) сұрау салған Қатысушы мемлекетке оның ішкі заңнамасына сәйкес өздерінің қолында бар үкіметтік материалдардың, құжаттардың немесе ақпараттың көшірмелерін береді, олар жария қол жеткізуге ашық болады;

б) өзінің қалауы бойынша сұрау салған Қатысушы мемлекетке оның қолында бар және оның ішкі заңнамасына сәйкес ол тиісті деп есептейтін жағдайларымен жария қол жеткізуге ашық кез келген үкіметтік материалдардың, құжаттардың немесе ақпараттардың көшірмелерін толық немесе ішінара немесе ол тиісті деп есептейтін шарттарды сақтау жағдайларымен береді.

30. Қатысушы мемлекеттер қажеттілігіне қарай екіжақты немесе көп жақты келісімдер немесе уағдаластықтар жасасу мүмкіндігін қарастырады, олар осы баптың мақсаттарына жауап берген болар еді, оның тәжірибеде қолданылуын қамтамасыз немесе оның ережелерін белгіленген болар еді.

47-бап

Қылмыстық өндірісті тапсыру

Қатысушы мемлекеттер бұндай тапсыру тиісті сот билігін іске асыру мүдделеріне сай деп есептеген жағдайларда, бірнеше іс жүргізу құқығын қозғаған жағдайларда, қылмыстық істерді біріктіруді қамтамасыз ету үшін осы Конвенция сәйкес осындай деп танылған қылмыспен байланысты қылмыстық ізге түсу мақсаттарында өндірісті өзара тапсыру мүмкіндігін қарастырады.

48-бап

Құқық қорғау органдары арасындағы ынтымақтастық

1. Қатысушы мемлекеттер осы Конвенция қамтитын қылмыстарға қарсы күресу үшін құқық қорғау шараларының тиімділігін арттыру мақсатында өздерінің құқықтық және әкімшілік жүйелеріне сәйкес іс-қимыл жасай отырып, тығыз ынтымақтасады, атап айтқанда, мыналарға бағытталған тиімді шараларды қолданады:

а) осы Конвенциямен қамтылатын, егер мүдделі Қатысушы мемлекеттер қылмыстық қызметтің басқа түрлерімен байланысты бұны тиісті деп есептейтін болса, қылмыстық қызметтің басқа түрлерімен байланысын қоса алғанда, қылмыстардың барлық аспектілері туралы хабарламаны сенімді түрде және алмасуды қамтамасыз ету үшін олардың құзыретті органдары, мекемелері мен қызметтері арасында байланыс арналарын нығайту немесе, бұл қажет болған жерлерде нығайту;

б) осы Конвенциямен қамтылатын қылмыстармен байланысты тергеулерді жүргізуде басқа Қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастық мыналарды анықтау мақсатында:

і) осындай қылмыстар жасауға қатысқаны үшін күдікті адамдардың жеке басын, орналасқан және қызметін, немесе басқа да қатысты адамдардың орналасқан жерін;

ii) қылмыстардан алынған табыстарды немесе осындай қылмыстар жасау нәтижесінде алынған мүлікті көшіруді;

iii) осындай қылмыстар жасау кезінде пайдаланылған немесе пайдалануға арналған мүлікті, жабдықты немесе басқа да құралдарды көшіріп орналастыруды;

с) тиісінше жағдайларда талдау немесе тергеу мақсатында қажетті заттарды немесе қажетті мөлшердегі заттарды беру;

d) тиісті жағдайларда, басқа Қатысушы-мемлекеттермен қызметін жасыру үшін жеке басының жалған куәліктерін, бұрмаланған, өзгертілген немесе жалған құжаттарды және басқа да құралдарды пайдалануды қоса алғанда, осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстарды жасау үшін қолданылатын нақты құралдар мен әдістер туралы хабарламалар алмасу;

e) олардың құзыретті органдары, мекемелері мен қызметтері арасында тиімді үйлестіруге көмектесу және, мүдделі Қатысушы мемлекеттермен екіжақты келісімдер мен уағдаластықтар жасасқан жағдайда байланыс жөніндегі қызметкерлер жіберуді қоса алғанда, қызметкерлер мен басқа да сарапшылар алмасуды ынталандыру;

f) ақпараттар алмасу және тиісті жағдайларда осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстарды уақтылы анықтау мақсатында және қолданылатын әкімшілік және басқа да шараларды үйлестіру.

2. Осы Конвенцияны іс жүзінде қолдану мақсатында Қатысушы мемлекеттер өздерінің құқық қорғау органдарының тікелей ынтымақтасуы туралы екіжақты немесе көп жақты келісімдер мен уағдаластықтар жасасу, ал мұндай келісімдер мен уағдаластықтар бұрын болған жағдайларда оларды өзгерту мүмкіндіктерін қарастырады. Мүдделі Қатысушы мемлекеттер арасында мұндай келісімдер мен уағдаластықтар болмаған жағдайда, Қатысушы мемлекеттер құқық қорғау органдары арасындағы осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстарға қатысты өзара ынтымақтастық үшін осы Конвенцияны негіз ретінде қарастыруы мүмкін. Тиісті жағдайларда Қатысушы мемлекеттер келісімдер мен уағдаластықтарды, оның ішінде халықаралық немесе өңірлік ұйымдардың тетіктерін өздерінің құқық қорғау органдары арасындағы ынтымақтастықты ұлғайту үшін толықтай пайдаланады.

3. Қатысушы мемлекеттер өздерінің мүмкіндіктері шектерінде осы Конвенциямен қамтылатын, осы заманғы технологияны пайдаланып жасалатын қылмыстарға қарсы әрекет жасау мақсатында ынтымақтасуға ұмтылады

49-бап

Бірлескен тергеулер

Қатысушы мемлекеттер екіжақты немесе көп жақты келісімдер мен уағдаластықтар жасау мүмкіндіктерін қарастырады, осыларға орай мүдделі құзыретті органдар бір немесе бірнеше мемлекеттердегі тергеудің, қылмыстық ізге түсудің немесе сотта іс

қараудың мәні болып табылатын істермен байланысты бірлескен тергеулерді өткізу бойынша органдар құруы мүмкін. Осындай келісімдер мен уағдаластықтар болмаған жағдайда, бірлескен тергеулер әрбір жекелеген жағдайда келісу бойынша жүргізілуі мүмкін. Тиісті Қатысушы мемлекеттер аумағында осындай тергеу өткізілуі тиіс Қатысушы мемлекет егемендігінің толық құрметтелуін қамтамасыз етеді.

50-бап

Тергеудің арнайы әдістері

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді күресу мақсатында әрбір Қатысушы мемлекет, өзінің ішкі құқықтық жүйесінің негізгі принциптерінің қандай дәрежеде жол беруіне қарай және өзінің ішкі заңнамасында белгіленген жағдайларда, өздерінің мүмкіндіктері шектерінде, өзінің құзыретті органдарының бақылау жеткізілімдерін тиісінше пайдалануына және ол бұны ақылға қонымды деп санайтын жағдайларда электронды байқау немесе басқа да байқау нысандарын, сондай-ақ өзінің аумағындағы тыңшылық операциялары сияқты тергеудің арнаулы әдістерін пайдалануына рұқсат беру, сонымен бірге осындай әдістердің көмегімен жиналған дәлелдемелерді сотқа жіберу үшін қажет болатын шаралар қолданады.

2. Осы Конвенцияда қамтылатын қылмыстарды тергеу мақсатында Қатысушы мемлекеттер, қажет болғанда, тергеудің мұндай арнайы әдістерін халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық ыңғайында пайдалану үшін тиісті екіжақты немесе көп жақты келісімдер мен уағдаластықтар жасауға ынталандырылады. Мұндай келісімдер немесе уағдаластықтар мемлекеттердің егемендік теңдігі принципін толық сақтау жағдайында жасалып, жүзеге асырылады және осы келісімдердің немесе уағдаластықтардың талаптарына қатаң сәйкестік жағдайында іске асырылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген келісімдер немесе уағдаластықтар болмаған кезде тергеудің осындай арнайы әдістерін халықаралық деңгейде пайдалану туралы шешім әрбір жекелеген жағдайда қабылданады және қажет болған жағдайда, мүдделі Қатысушы мемлекеттердің юрисдикциямен жүзеге асыруға қатысты қаржы уағдаластықтары мен өзара түсіністігі ескерілуі мүмкін.

4. Бақыланатын жеткізілімдерді халықаралық деңгейде пайдалану туралы шешімге Қатысушы мемлекеттердің келісімімен, жүктерді немесе құралдарды қолға түсіру және оларға тиіспей қалдыру немесе оларды толық немесе ішінара алып қою немесе ауыстыру сияқты әдістер енгізілуі мүмкін.

V-тарау

Активтерді қайтару жөніндегі шаралар

51-бап

Жалпы ереже

Активтерді қайтару, осы тарауға сәйкес осы Конвенцияның негізгі принципі болып табылады және Қатысушы мемлекеттер бір-бірімен осы тұрғыда барынша кең көлемде ынтымақтасады және бір-біріне көмек көрсетеді.

52-бап

Қылмыстардан түскен табыстар аударымдарының алдын алумен оларды анықтау

1. Осы Конвенцияның 14-бабына нұқсан келтірмей, әрбір Қатысушы-мемлекет оның ішкі заңнамасына сәйкес өз юрисдикциясы таратылатын қаржылық мекемелерден клиенттердің жеке басын тексеруді талап ету, шоттарында көп көлемдегі қаражаттар сақталатын меншік иелері-бенефициарлардың жеке басын анықтау үшін ақылға қонымды талап етілуі мүмкін шаралар қабылдауға, елеулі жариялық өкілеттіктерді иеленетін немесе оларға ие болған адамдар, олардың отбасы және олармен тығыз байланысты әріптестері немесе жоғарыда аталған кез-келген адамдар атынан ашуға ұмтылған немесе олар жүргізетін шоттарға қатысты қатаң бақылау шараларын жүзеге асыруды талап етеді. Осындай ақылға қонымды деңгейдегі барынша қатаң бақылау шаралары күдікті операцияларды, олар туралы құзыретті органдарға ақпарат беру мақсаты үшін анықтауға арналған және олар қаржы мекемелеріне кез келген клиентпен істерді жүргізуге кедергі келтіретін немесе тыйым салатын шаралар ретінде түсіндірілмеуге тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген шараларды жүзеге асыруға көмектесу мақсатында әрбір Қатысушы-мемлекет өзінің ішкі заңнамасына сәйкес және өңірлік, өңіраралық және көп тарапты ұйымдардың ақшалай қаражаттарын жылыстатуға қарсы әрекеттер жөніндегі тиісті бастамаларын басшылыққа ала отырып:

а) оның юрисдикциясы қолданылатын қаржы мекемелерден олардың шоттарына қатысты, барынша қатаң бақылау шараларын қолдану күтілетін жеке және заңды тұлғалар санаттарына, ерекше назар аударуды қажет ететін шоттар мен операциялар түрлеріне, және шоттарды ашу мен жүргізу жөніндегі тиісті шараларға, сондай-ақ осындай шоттарға қатысты қолданылуы керек шоттар бойынша есептілік жүргізуге қатысты, және

б) Қатысушы-мемлекеттің немесе өзінің жеке бастамасы бойынша тиісті жағдайларда өз юрисдикциясы қолданылатын қаржылық мекемелерге қаржылық мекемелер жеке басын өзгеше тәртіппен анықтай алатын адамдарға қосымша,

шоттарына қатысты осындай мекемелердің барынша қатаң бақылау шараларын қолдануы күтілетін нақты жеке және заңды тұлғалардың жеке басы туралы хабарлайды

3. Осы баптың 2 (а)-тармағына сәйкес әрбір Қатысушы мемлекет өзінің қаржы мекемелері тиісінше мерзім ішінде осы баптың 1-тармағында айтылған адамдарға қатысты шоттар мен операциялар туралы тиісті есептілікті сақтау шараларын жүзеге асырады, оған кем дегенде, клиенттің, сондай-ақ, мүмкіндігінше, меншік иесі-бенефициардың жеке басына қатысты ақпарат енгізілуге тиіс.

4. Осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстардан түскен табыстар аударымдарының алдын алу мен анықтау мақсатында, әрбір Қатысушы мемлекет күші жағынан қатысуы болмайтын және қандай да бір реттеуші қаржы тобымен аффилирленбеген өзінің реттеуші және қадағалау органдарының, банк мекемелерінің көмегімен тиісінше және пәрменді шараларды жүзеге асырады. Сонымен бірге Қатысушы мемлекеттер өздерінің қаржы мекемелеріне қатысты осындай мекемелермен корреспонденциялық банк қатынастарына түсуден бас тарту немесе осындай қатынастарын одан әрі жалғастыру, сондай-ақ күші жағынан қатысуы болмайтын немесе қандай да бір реттеуші қаржы тобымен аффилирленбеген ондағы банктердегі шоттарды пайдалануға рұқсат берген шетелдік қаржы мекемелерімен қатынас орнатудан сақтану талаптарын белгілеу мүмкіндігін қарастыруы мүмкін.

5. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасына сәйкес тиісті жария лауазымды адамдарға қатысты қаржы ақпаратын ашуды көздейтін тиісті жүйелерді құру мүмкіндігін қарастырады және осы талаптарды сақтау үшін тиісті санкцияларды белгілейді. Әрбір Қатысушы мемлекет сондай-ақ өзінің құзыретті органдарына мұның өзі тергеу, құқықтарды мәлімдеу және осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстардан түскен табыстарды қайтару жөніндегі шаралар қолдану қажет болған кезде басқа Қатысушы мемлекеттердегі құзыретті органдармен ақпарат алмасуды жүзеге асыруға мүмкіндік беру үшін шаралар қолдану мүмкіндігін қарастырады.

6. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасына сәйкес қызығушылығы немесе қол қою құқығы немесе қандай да бір шетелдегі қандай да бір қаржы шотына қатысы бар басқа да уәкілдігі бар жария лауазымды адамдар үшін бұл туралы тиісті органдарға хабарлау және осы шоттарға қатысты тиісті түрде есептілік жүргізу талабын белгілеу үшін қажет болатын шаралар қолдану мүмкіндігін қарастырады. Мұндай шаралар осы талаптарды орындамағаны үшін тиісті санкциялар қолдануды көздейді.

53-бап

Мүлікті тікелей қайтаруға арналған шаралар

Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасына сәйкес:

а) осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстар жасау нәтижесінде иеленген мүлікке құқықтық титулын немесе меншік құқығын орнату туралы өзінің соттарына талап-арыз қоюын басқа Қатысушы мемлекетке рұқсат ету үшін қандай шаралар қажет болса, сондай шараларды қолданады;

б) осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстар жасаған адамдарға өздерінің соттарына осындай қылмыстар жасау нәтижесінде зиян шеккен басқа Қатысушы мемлекетке төлемақы төлемін немесе орнын толтыруды төлеуге мүмкіндік беруі үшін қандай шаралар қажет болса, сондай шараларды қолданады;

с) өздерінің соттарына немесе құзыретті органдарына тәркілеу туралы шешімдер шығарған кезде басқа Қатысушы мемлекеттің талабын осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстар жасау нәтижесінде иеленген мүлікке заңды меншік иесі ретінде тануға мүмкіндік беру үшін қандай шаралар қажет болса, сондай шараларды қолданады.

54-бап

Тәркілеу ісінде халықаралық

ынтымақтастық арқылы мүлікті алып қою тетігі

1. Әрбір Қатысушы мемлекет осы Конвенцияның 55-бабына сәйкес осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмыстар жасау нәтижесінде сатып алынған, өзінің ішкі заңнамасына сәйкес осындай қылмыстар жасау кезінде пайдаланған мүлікке қатысты өзара құқықтық көмек беру мақсатында:

а) өзінің құзыретті органдарына басқа Қатысушы мемлекеттің соттар шығарған тәркілеу туралы қаулыны орындауға мүмкіндік беретін, қандай шаралар қажет болса, сондай шараларды қолданады;

б) өздерінің юрисдикциясы шегінде өзінің құзыретті органдарына ақша қаражаттарын жылыстату қылмыстарымен, немесе өзінің юрисдикциясы жатуы мүмкін немесе басқа оның ішкі заңнамасымен рұқсат етілген басқа да рәсімдерді пайдалану кезіндегі басқа да қылмыстармен байланысты сот шешімін шығару кезінде шығу тегі шетелдік осындай мүлікті тәркілеу туралы қаулы шығаруға мүмкіндік беру үшін қандай шаралар қажет болса, сондай шараларды қолданады; және

с) қылмыскердің қайтыс болуы, бас сауғалауы немесе болмауы себепті немесе басқа да тиісті жағдайларда оның ізіне түсу мүмкін болмаған кезде істер бойынша қылмыстық іс жүргізу шеңберінде үкім шығармастан осындай мүлікті тәркілеуге мүмкіндік туғызу үшін қандай шаралар қажет болса, сондай шаралар қолдану туралы мәселені қарастырады.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет осы Конвенцияның 55-бабы 2-тармағына сәйкес жіберілген өтініш бойынша өзара құқықтық көмек беру мақсатында өзінің ішкі заңнамасына сәйкес:

а) өзінің құзыретті органдарына сұрау салған Қатысушы мемлекеттің соты немесе құзыретті органы шығаратын және онда сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің осындай шаралар қабылдауға жеткілікті негіздер бар және түптеп келгенде осы мүлікке қатысты осы баптың 1 (а)-тармағы мақсаттары үшін тәркілеу туралы қаулы шығарылады деп ойлауына мүмкіндік беретін ақылға қонымды негіздер баяндалатын тұмшалау немесе тыйым салуды қолдану туралы қаулыға сәйкес мүлікті тұмшалауға және оған тыйым салуға мүмкіндік беру үшін қандай шаралар қажет болса, сондай шаралар қолданады;

б) сұрау салынған Қатысушы мемлекетке осындай шаралар қолдану үшін жеткілікті дәлелдері бар және осы мүлікке қатысты түптеп келгенде осы баптың 1(а)-тармағы мақсаты үшін тәркілеу туралы қаулы шығарылатын болады деп ойлауға мүмкіндік беретін ақылға қонымды негіздер баяндалатын өтініш бойынша өзінің құзыретті органдарына мүлікті тұмшалауға және оған тыйым салуға мүмкіндік беру үшін қандай шаралар қажет болса, сондай шаралар қолданады;

с) өзінің құзыретті органдарына, мысалы, осындай мүлікті иемденумен байланысты тыйым салу немесе қылмыстық айыптау ұсыну туралы шетелдік қаулы негізінде мүлікті тәркілеу мақсатында сақтау үшін қосымша шаралар қолдану туралы мәселені қарастырады.

55-бап

Тәркілеу мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық

1. Осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмыстар юрисдикциясына жататын басқа Қатысушы мемлекеттен осы Конвенцияның 31-бабының 1-тармағында айтылған, өзінің аумағында тұрған, қылмыстардан түскен мүліктерді, жабдықтарды немесе қылмыстар жасаудың басқа да құралдарын тәркілеу туралы өтініш алған Қатысушы мемлекет өзінің ішкі құқықтық жүйесі шеңберінде мүмкін болатын барынша дәрежеде:

а) бұл өтінішті тәркілеу туралы қаулы алу мақсатында өзінің құзыретті органдарына жібереді және осындай қаулы шығарылған жағдайда оны орындайды; немесе

б) өзінің құзыретті органдарына осы Конвенцияның 31-бабының 1-тармағына және 54-бабының 1 (а)-тармағына сәйкес, сұрау салған Қатысушы мемлекеттің аумағындағы сот шығарған тәркілеу туралы қаулыны өтініште көрсетілген көлемде және сұрау салған Қатысушы мемлекеттің аумағындағы, осы Конвенцияның 31-бабының 1-тармағында айтылған қылмыстардан түскен табыстарға, мүліктер мен жабдықтарға немесе қылмыс жасаудың басқа да құралдарына қандай дәрежеде қатысы болуына қарай көлемде орындау мақсатында жібереді.

2. Осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қандай да бір қылмыс юрисдикциясына жататын басқа Қатысушы мемлекет жіберген өтінішті алған бойда

сұрау салынған Қатысушы мемлекет осы Конвенцияның 31-бабының 1-тармағында айтылған қылмыстардан түскен табыстарды, мүліктер мен жабдықтарды немесе қылмыс жасаудың басқа да құралдарын кейіннен тәркілеу мақсатында анықтау, олардың ізіне түсу, тұмшалау немесе оған тыйым салу үшін шаралар қолданады, ол туралы қаулыны не сұрау салған Қатысушы мемлекет не осы баптың 1-тармағына сәйкес өтінішке орай, сұрау салынған Қатысушы мемлекет шығарады.

3. Осы Конвенцияның 46-бабының ережелері, *mutatis mutandis*, осы бапқа қолданылады 46-баптың 15-тармағында көрсетілген хабарламаға толықтыру ретінде осы баптың негізінде жіберілетін өтініштерде:

а) осы баптың 1 (а)-тармағында көзделген өтінішке қатысты, - тәркілеуге жататын мүліктің сипаттамасы, оның ішінде, мүмкіндігіне қарай, орналасқан жері туралы мәліметтер және, егер бұл орынды болса, мүлікті құндық бағасы мен сұрау салған Қатысушы мемлекет сілтеме жасайтын және сұрау салынған Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасына сәйкес қаулы шығару үшін қолдана алатын шаралар үшін жеткілікті фактілер баяндалған өтініш;

б) осы баптың 1 (b)-тармағында көзделген өтінішке қатысты, - сұрау салған Қатысушы мемлекет берген тәркілеу туралы қаулының заңды түрде жол берілетін көшірмесі, онда өтініш негізделеді, фактілер баяндалған арыз, қаулының сұралатын орындау көлеміне қатысты ақпарат, сұрау салынған Қатысушы мемлекеттің адал үшінші тараптарға тиісті жазбаша ақпарат жіберу, тиісті құқықтық рәсімдердің сақталуын қамтамасыз ету үшін қабылдаған шаралар көрсетілген арыз және тәркілеу туралы қаулының түбегейлі екендігі жөніндегі арыз;

с) осы баптың 2-тармағында көзделген өтінішке қатысты, - сұрау салған Қатысушы мемлекет сілтеме жасайтын фактілер баяндалған арыз және сұралатын шаралардың сипаттамасы, сондай-ақ, егер ол бар болса, өтініш негізделетін қаулының заңды түрде жол берілетін көшірмесі қамтылады.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделген шешімдерді немесе шараларды сұрау салынған Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасы ережелеріне және өзінің іс жүргізу нормаларына сәйкес қабылдайды немесе ол сұрау салынған Қатысушы мемлекетпен қатынастарға байланысты болуы мүмкін және өздерінің сақталу шартымен кез келген екіжақты немесе көп жақты келісімдермен және уағдаластықтармен қабылданады.

5. Әрбір Қатысушы мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына осы баптың ережелерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін өздерінің заңдары мен ережелерінің мәтіндерін, сондай-ақ осындай заңдар мен ережелерге енгізілген кейінгі кез келген өзгерістердің мәтіндерін немесе олардың сипаттамасын табыс етеді.

6. Егер Қатысушы мемлекет осы баптың 1 және 2-тармақтарында айтылған шаралардың қабылдануын тиісті шарттың болуымен байланыстыратын болса, онда бұл

Қатысушы мемлекет осы Конвенцияны қажетті және жеткілікті шарттық-құқықтық негіз ретінде қарастырады.

7. Егер сұрау салынған Қатысушы мемлекет жеткілікті дәлелдемелерді уақтылы алмайтын болса немесе егер мүліктің құны аз болса, осы бапқа сәйкес ынтымақтастықтан бас тартылуы немесе қамтамасыз ету шаралары алып тасталуы мүмкін.

8. Осы бапқа сәйкес қабылданған кез келген қамтамасыз ету шарасы алып тасталғанға дейін, сұрау салған Қатысушы мемлекет мүмкін болған кезде сұрау салынған Қатысушы мемлекетке мұндай шараның одан әрі жүзеге асырылуының жалғаса беру пайдасына өзінің дәлелдерін айту мүмкіндігін береді.

9. Осы баптың ережелері адал үшінші тараптардың ережелеріне нұқсан келтіретіндей түсіндірілмейді.

56-бап

Арнаулы ынтымақтастық

Әрбір Қатысушы мемлекет осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстардан түскен табыстар туралы хабарламаны, өзі мұндай хабарламаны ашу оны алатын Қатысушы мемлекетке тергеуді, қылмыстық қудалауды немесе сот талқылауын қозғауына немесе жүргізуіне көмектеседі немесе бұл Қатысушы мемлекеттің осы Конвенцияға сәйкес өтініш жолдауына әкеп соқтырады деп есептеген кезде алдын ала өтініш жасамастан басқа Қатысушы мемлекетке өзінің ішкі заңнамасына нұқсан келтірмей, өзінің тергеуіне, қылмыстық қудалауға немесе сот талқылауына нұқсан келтірместен жіберуге мүмкіндік беретін шаралар қолдануға ұмтылады.

57-бап

Активтерді қайтару және оларға билік ету

1. Осы Конвенцияның 31-бабы немесе 55-бабы негізінде Қатысушы мемлекет тәркілеген мүлікке, осындай мүлікті осы баптың 3-тармағына сәйкес оның бұрынғы заңды иесіне қайтаруды қоса алғанда, осы Конвенцияның ережелеріне және өзінің ішкі заңнамасына сәйкес сол Қатысушы мемлекет билік етеді.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізгі принциптеріне сәйкес өзінің құзыретті органдарына олар басқа Қатысушы мемлекетке жіберілген өтініші бойынша іс-қимыл жасаған кезде тәркіленген мүлікті осы Конвенцияға сәйкес адал үшінші тараптардың құқықтарын ескере отырып, қайтаруға мүмкіндік беру үшін қажет болуы мүмкін заңды және басқа да шараларды қолданады.

3. Осы Конвенцияның 46 және 55-баптарына және осы баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес сұрау салған Қатысушы мемлекет:

а) осы Конвенцияны 17 және 23-баптарында бұл туралы айтылатындай, жария қаражаттар ұрланған немесе ұрланған жария қаражаттар жылыстатылған жағдайда, егер тәркілеу 55-бапқа сәйкес және сұрау салған Қатысушы мемлекетте шығарылған соттың түпкілікті шешімінің негізінде жүргізілсе, және де осы талапты сұрау салынған Қатысушы мемлекет алып тастауы мүмкін болғанда, - тәркіленген мүлікті сұрау салған Қатысушы мемлекетке қайтарады;

б) егер тәркілеу осы Конвенцияның 55-бабына сәйкес және сұрау салған Қатысушы мемлекет шығарған түбегейлі сот шешімінің негізінде жүргізілген болса, және де бұл талапты сұрау салынған Қатысушы мемлекет алып тастауы мүмкін болғанда осы Конвенциямен қамтылатын басқа да кез келген қылмыстан түскен табыстар болған жағдайда - егер сұрау салған Қатысушы мемлекет осындай тәркіленген мүлікке өзінің бұрын тәркіленген меншік құқығын сұрау салынған Қатысушы мемлекетке ақылға қонымды түрде дәлелдейтін болса немесе, егер сұрау салынған Қатысушы мемлекет сұрау салған Қатысушы мемлекет келтірген залалды тәркіленген мүлікті қайтару үшін негіз ретінде танытын болса, тәркіленген мүлік сұрау салған Қатысушы мемлекетке қайтарылады.

с) басқа жағдайлардың барлығында тәркіленген мүлікті бірінші кезектегі тәртіппен сұрау салған Қатысушы мемлекетке қайтару, осындай мүлікті оның бұрынғы заңды меншік иесіне қайтару немесе қылмыстан зардап шеккендерге өтемақы төлеу туралы мәселе қарастырылады.

4. Тиісті жағдайларда, егер тек Қатысушы мемлекеттер өзгеше шешім қабылдаса, сұрау салынған Қатысушы мемлекет тәркіленген мүлікті осы бапқа сәйкес қайтаруға немесе оған билік етуге әкеп соқтыратын тергеу, қылмыстық қудалауға немесе сот талқылауы барысында шегілген ақылға қонымды шығыстарды шегеруі мүмкін.

5. Тиісті жағдайларда Қатысушы мемлекеттер сондай-ақ әрбір жекелеген жағдайда тәркіленген мүлікке түбегейлі билік жүргізуге қатысты келісімдер немесе өзара тиімді уағдаластықтар жасау мүмкіндігін ерекше қарастырады.

58-бап

Жедел қаржы ақпаратын жинауға арналған бөлімшелер

Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстардан түскен табыстар аударымының алдын алу және онымен күресу, сондай-ақ осындай табыстарды алып қою жолдары мен әдістерін пайдалануға көмектесу мақсатында бір-бірімен ынтымақтасады, және осы мақсаттарда жедел қаржы ақпаратын жинауға арналған бөлімшелер құру туралы мәселені қарайды, олар күдікті қаржы операциялары туралы хабарламалар алғаны және талдау жасағаны және құзыретті органдарға жібергені үшін жауапты болады.

59-бап

Екі жақты және көп жақты келісімдер мен уағдаластықтар

Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияға сәйкес жүзеге асырылатын халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру үшін екіжақты және көп жақты келісімдер мен уағдаластықтар жасасу мүмкіндігін қарастырады.

VI тарау

Техникалық көмек және ақпарат алмасу

60-бап

Кадрлар даярлау және техникалық көмек

1. Әрбір Қатысушы мемлекет, қаншалықты қажет болуына қарай, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күрес үшін жауапты болатын өзінің персоналын даярлаудың нақты бағдарламасын жасап, жүзеге асырады немесе жетілдіреді. Кадрларды даярлаудың мұндай бағдарламалары, басқаларымен қатар, мына салаларды қамтуы мүмкін:

а) дәлелдемелер жинау мен тергеу әдістерін пайдалануды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлық әрекеттердің алдын алу, оларды анықтау және тергеу, сондай-ақ олар үшін жазалау мен оларға қарсы күрес жөніндегі тиімді шараларды;

б) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің стратегиялық саясатын жасау мен жоспарлау саласында әлеуетті құруды;

с) осы Конвенцияның талаптарын қанағаттандыратын өзара құқықтық көмек туралы өтініш жасау мәселелері жөнінде құзыретті органда қызметкерлерін даярлауды;

д) жария қызметті құруды, басқаруды және жария қаржыны, оның ішінде жария сатып алуларды басқаруды және жеке секторды бағалау мен нығайтуды;

е) осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстардан түскен табыстар аударымының алдын алуды, сондай-ақ осындай табыстарды алып қоюды;

ф) осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстардан түскен табыстар аударымдары жөніндегі операцияларды анықтау және тоқтата тұру;

г) осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстардан түскен табыстардың орнын ауыстыруды және осындай табыстарды аудару, жасыру немесе бүгіп қалу үшін пайдаланылатын әдістерді қадағалауды;

h) осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстардан түскен табыстарды алып қоюға ықпал ететін тиісті және пәрменді құқықтық және әкімшілік тетіктер мен әдістерді;

і) сот органдарымен ынтымақтасатын жәбірленушілер мен куәгерлерді қорғауда қолданылатын әдістерді; және

ж) ұлттық және халықаралық құқықтарға қатысты мәселелер бойынша қызметкерлерді даярлауды және тілдерді оқып-үйренуді.

2. Қатысушы мемлекеттер өздерінің мүмкіндіктерін ескере отырып, әсіресе дамушы елдердің мүдделері үшін осы баптың 1-тармағында көрсетілген салалардағы материалдық жағынан қолдау мен кадрлар даярлауды, сондай-ақ кадрлар даярлауды және көмек көрсетуді, тиісті тәжірибе мен арнаулы білімдерді алмасуды қоса алғанда, олардың сыбайлас жемқорлыққа күрес жөніндегі тиісті жоспарлары мен бағдарламаларына байланысты бір-біріне кең көлемде техникалық көмек беру туралы мәселені қарастырады, мұның өзі Қатысушы мемлекеттер арасындағы қылмыскерлерді беру мен өзара құқықтық көмек мәселелері жөніндегі халықаралық ынтымақтастыққа көмектесетін болады.

3. Қатысушы мемлекеттер практикалық және оқу шараларының тиімділігін барынша арттыруға бағытталған күш-жігерді, қажет болуына қарай, халықаралық және өңірлік ұйымдарда және тиісті екіжақты және көп жақты келісімдер мен уағдаластықтар шеңберінде жандандырады.

4. Қатысушы мемлекеттер құзыретті органдар мен қоғамды қатыстыра отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-әрекеттер стратегиялары мен жоспарларын жасау мақсатында өздерінің тиісті елдеріндегі сыбайлас жемқорлықтың түрлеріне, себептеріне, салдарлары мен іркілістеріне қатысты бағалауларды, зерттеулер мен әзірлемелерді жүргізуде өтініш бойынша бір-біріне жәрдемдесу мүмкіндіктерін қарастырады.

5. Осы Конвенцияға сәйкес осындай деп танылған қылмыстардан түскен табыстарды алып қоюға көмектесу үшін Қатысушы мемлекет осы мақсатқа жетуде көмек көрсететін сарапшылар аты-жөндерін бір-біріне беру жөнінен ынтымақтаса алады.

6. Қатысушы мемлекеттер ынтымақтастыққа, техникалық көмекке және өзара мүдде туғызатын проблемаларды, оның ішінде айрықша проблемаларды және дамушы елдердің және өтпелі экономикасы бар елдердің қажеттерін талқылауға ынталандыруға жәрдемдесу үшін кіші өңірлік, өңірлік және халықаралық конференциялар мен семинарларда пайдалану мүмкіндігін қарастырады.

7. Қатысушы мемлекеттер дамушы елдердің және өтпелі экономикасы бар елдердің осы Конвенцияны қолдану жөніндегі күш-жігеріне техникалық көмек саласындағы бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру арқылы қаржылық көмек көрсету мақсатында ерікті түрдегі тетіктер құру мүмкіндігін қарастырады.

8. Әрбір Қатысушы мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыскерлік жөніндегі басқармасының мұқтаждарына осы Конвенцияны жүзеге асыру үшін Дамушы елдердегі бағдарламалар мен жобаларды іске асыру басқармасы арқылы жәрдемдесу мақсатында ерікті жарналар салу мүмкіндігін қарастырады.

61-бап

Сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат жинау мен талдау және осындай ақпаратпен алмасу

1. Әрбір Қатысушы мемлекет сарапшыларымен консультацияларда өзінің аумағындағы сыбайлас жемқорлық саласындағы үрдістерге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жасалатын жағдайларға талдау жүргізу мүмкіндігін қарастырады.

2. Қатысушы мемлекеттер, мүмкіндігіне қарай, жалпы анықтамаларды, стандарттарды және әдіснамаларды талдап жасау мақсатында сыбайлас жемқорлыққа және ақпаратқа, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес ісінде практиканың оңтайлы түрлері туралы ақпаратқа қатысты статистикалық мәліметтерді, талдау білімдерді, және оларды өзара, халықаралық және өңірлік ұйымдарының өкілдігі арқылы алмасуын кеңейту мүмкіндігін қарастырады.

3. Әрбір Қатысушы мемлекет сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі өзінің саясаты мен практикалық шараларына бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ олардың тиімділігі мен пәрменділігіне бағалау жүргізу мүмкіндіктерін қарастырады.

62-бап

Басқа шаралар: осы Конвенцияны экономикалық даму мен техникалық көмек арқылы жүзеге асыру

1. Қатысушы мемлекеттер, сыбайлас жемқорлықтың тұтас қоғамға, оның ішінде тұрақты даму үшін келеңсіз салдарларын ескере отырып, халықаралық ынтымақтастық арқылы осы Конвенцияны оңтайлы жүзеге асыруға жәрдемдесетін шараларды мүмкіндігіне қарай қолданады.

2. Қатысушы мемлекеттер, мүмкіндігіне қарай, бір-бірімен, сондай-ақ халықаралық және аймақтық ұйымдармен үйлесімді түрде: нақты күш-жігер жұмсайды:

а) дамушы елдердің сыбайлас жемқорлық алдын алу мен оған қарсы күрес саласындағы мүмкіндіктерін нығайту мақсатында осы елдермен әр түрлі деңгейдегі өз ынтымақтастығын жандандыру;

б) дамушы елдердің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен оған қарсы күрес тиімділігі жөніндегі күш-жігерін қолдау мақсатында қаржылық және материалдық көмекті ұлғайту және олардың осы Конвенцияны табысты жүзеге асыруына көмек көрсету;

с) дамушы елдер мен өтпелі экономикасы бар елдерге олардың осы Конвенцияны жүзеге асыруға байланысты қажеттерін қанағаттандыруға жәрдемдесу мақсатында техникалық көмек көрсету. Бұл үшін Қатысушы мемлекеттер Біріккен Ұлттар Ұйымы құрған қаржыландыру тетігіне, нақты осы мақсатқа арналған шотқа ерікті түрдегі

жарналарды ұдайы негізде салуға ұмтылады. Қатысушы мемлекеттер сонымен бірге өздерінің ішкі заңнамаларына және осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес жоғарыда айтылған шотқа ақша қаражаттарының белгілі бір үлесін немесе қылмыстардан түскен табыстардың немесе осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тәркіленген мүліктің тиісті құнын аудару мүмкіндігін ерекше қарастырады.

d) басқа мемлекеттер мен қаржы мекемелерінің көтермелеулері мен сенім білдірулері, тиісті жағдайларда, осы бапқа сәйкес қабылданатын күш-жігерге, оның ішінде, дамушы елдерге осы Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізуде көмектесу үшін оларды кадрлар даярлау бағдарламаларының үлкен көлемімен қамтамасыз ету арқылы қосылуға ынталандыру және сендіру.

3. Мүмкіндігіне қарай, бұл шаралар қазіргі шетелдік көмекке қатысты міндеттемелерге немесе екіжақты, аймақтық немесе халықаралық деңгейдегі қаржы ынтымақтастығы туралы басқа да уағдаластықтарға нұқсан келтірмейді.

4. Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияда көзделген халықаралық ынтымақтастықтың тиімділігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес үшін қажетті қаржы уағдаластықтарын назарға ала отырып, екіжақты келісімдер немесе уағдаластықтар жасаса алады.

VII тарау

Жүзеге асыру тетігі

63-бап

Конвенцияға Қатысушы мемлекеттердің конференциясы

1. Осымен Қатысушы мемлекеттердің осы Конвенцияда белгіленген мақсаттарға жетудегі мүмкіндіктерін және олардың арасындағы ынтымақтастықты ұлғайту, сондай-ақ осы Конвенцияны жүзеге асыруға көмектесу және оны жүзеге асыру барысына шолу жасау мақсаттарында Конвенцияға Қатысушы мемлекеттердің Конференциясы құрылады.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Конвенция күшіне енгеннен кейін бір жылдан кешіктірмей Қатысушы мемлекеттердің Конференциясын шақырады. Кейіннен Қатысушы мемлекеттердің Конференциясы қабылдаған рәсім ережелеріне сәйкес Конференцияның кезекті кеңесі өткізіледі.

3. Қатысушы мемлекеттердің конференциясы рәсім ережелерін және осы бапта көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыруды реттейтін ережелерді, оның ішінде байқаушыларды жіберу мен олардың қатысуына және қызметтің осы түрлерін жүзеге асыру кезінде шеккен шығыстарды төлеуге қатысты ережелерді қабылдайды.

4. Қатысушы мемлекеттердің Конференциясы осы баптың 1-тармағында айтылған мақсаттарға қол жеткізу үшін:

а) Қатысушы мемлекеттер қызметіне осы Конвенцияның 60 және 62-баптарына және II-V тарауларына сәйкес, оның ішінде ерікті жарналарды жұмылдыруын ынталандыру арқылы көмектесуді;

б) Қатысушы мемлекеттер арасында сыбайлас жемқорлықтың нысандары мен осы саладағы үрдістер туралы, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың, оған қарсы күрестің және қылмыстардан түскен табыстарды қайтарудың табысты әдістері туралы ақпараттар алмасуға, өзгелерімен қатар, осы бапта айтылған тиісті ақпаратты жариялау арқылы алмасуға көмектесуді;

с) тиісті халықаралық және өңірлік ұйымдармен және тетіктермен, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтастықты;

д) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес мақсатында басқа халықаралық және өңірлік тетіктер әзірлеген тиісті ақпаратты жұмыстың артық қайталануын болдырмау үшін тиісті пайдалану;

е) осы Конвенцияны оның Қатысушы мемлекеттерінің жүзеге асыруы туралы мәселені кезең-кезеңмен қарауды;

ф) осы Конвенцияны жетілдіруге және оны жүзеге асыруға қатысты ұсынымдар шығаруды;

г) Қатысушы мемлекеттердің осы Конвенцияны жүзеге асыруға байланысты техникалық көмекке қажеттіліктерінің есебін және оның осыған байланысты қажет деп есептейтін кез келген әрекеттеріне қатысты ұсынымдар шығаруды қоса алғанда, қызметтің түрлерін, жұмыстың рәсімі мен әдістерін келіседі.

5. Осы баптың 4-тармағының мақсаттары үшін Қатысушы мемлекеттердің Конференциясы осы Конвенцияны жүзеге асыру барысында Қатысушы мемлекеттер қабылдаған шаралар және бұл орайда олар кездескен қиындықтар туралы қажетті мәліметтерді алады, өздері берген ақпарат негізінде және Қатысушы мемлекеттер Конференциясы құра алатын осындай қосымша тетіктер арқылы шолу өткізеді.

6. Әрбір Қатысушы мемлекет Қатысушы мемлекеттердің Конференциясы талап ететіндей осы Конвенцияны жүзеге асыруға бағытталған өздерінің бағдарламалары, жоспарлары мен тәжірибелері, сондай-ақ заң шығару және әкімшілік шаралар туралы ақпаратты Қатысушы мемлекеттердің Конференциясына береді. Қатысушы мемлекеттердің Конференциясы басқаларымен қатар, Қатысушы мемлекеттерден және құзыретті халықаралық ұйымдардан алынған ақпаратты қоса алғанда, осындай ақпарат алудың және оның негізінде, тиісті шешімдер қабылдаудың неғұрлым тиімді жолдары туралы мәселені зерделейді. Сонымен қатар, Қатысушы мемлекеттердің Конференциясы шешімімен анықталатын рәсімдерге сәйкес тиісті түрде аккредиттелген үкіметтік емес ұйымдардан алынған материалдар қарастырылуы мүмкін.

7. Осы баптың 4-6-тармақтарына сәйкес Қатысушы мемлекеттердің Конференциясы , егер ол оны қажет деп санайтын болса, Конвенцияның тиімді жүзеге асырылуына жәрдемдесу үшін кез келген тиісті тетік немесе орган құрады.

64-бап

Хатшылық

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Конвенцияға Қатысушы мемлекеттер Конференциясына қажетті хатшылық қызмет көрсетілуін қамтамасыз етеді.

2. Хатшылық:

а) Қатысушы мемлекеттер Конференциясына осы Конвенцияның 63-бабында айтылатын қызметті жүзеге асыруға көмек көрсетеді, сондай-ақ Қатысушы мемлекеттер Конференциясының сессиясын ұйымдастырады және оларды қажетті қызмет көрсетумен қамтамасыз етеді;

б) осы Конвенцияның 63-бабының 5 және 6-тармақтарында көзделгендей, Қатысушы мемлекеттерге, Қатысушы мемлекеттер Конференциясына өтініші бойынша ақпарат беруге көмек көрсетеді; және

с) басқа да тиісті халықаралық және өңірлік ұйымдардың хатшылықтарымен қажетті үйлестіруді қамтамасыз етеді.

VIII тарау

Қорытынды ережелер

65-бап

Конвенцияны жүзеге асыру

1. Әрбір Қатысушы мемлекет өзінің ішкі заңнамасының негізін қалаушы принциптеріне сәйкес, заң шығару және әкімшілік шараларын қоса алғанда, осы Конвенцияға сәйкес өздерінің міндеттемелерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қолданады.

2. Әрбір Қатысушы мемлекет сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес үшін осы Конвенцияда көзделгенге қарағанда барынша қатаң немесе қатал шаралар қолдануы мүмкін.

66-бап

Дауларды реттеу

1. Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты дауларды келіссөздер арқылы реттеуге ұмтылады.

2. Екі немесе одан да көп Қатысушы мемлекеттер арасындағы осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты келіссөздер арқылы ақылға қонымды уақыт ішінде реттелмейтін кез келген дау осы Қатысушы мемлекеттердің бірінің өтініші бойынша төрелік талқылауға беріледі. Егер осы Қатысушы мемлекеттер төрелік туралы өтінішпен жүгінген күннен бастап алты ай ішінде оны ұйымдастыру туралы уағдаласа алмаса, осы Қатысушы мемлекеттердің кез келгені дауды Сот Статусына сәйкес өтінішпен жүгіне отырып, Халықаралық Сотқа береді.

3. Әрбір Қатысушы мемлекет осы Конвенцияға қол қойған, ратификациялаған, қабылдаған немесе бекіткен кезде немесе оған қосылған кезде ол өзін осы баптың 2-тармағының ережелеріне байланысты емес деп мәлімдей алады. Басқа Қатысушы мемлекеттер осындай ескерту жасаған кез келген Қатысушы мемлекеттерге қатысты осы баптың 2-тармағының ережелеріне байланысты болмайды.

4. Осы баптың 3-тармағына сәйкес ескерту жасаған Қатысушы мемлекет кез келген уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына хабарлама жіберу арқылы осы ескертуді алып тастай алады.

67-бап

Қол қою, ратификациялау, қабылдау, бекіту және қосылу

1. Осы Конвенция 2003 жылғы 9-11 желтоқсан аралығында Мексиканың Мерида қаласында, содан соң 2005 жылғы 9 желтоқсанға дейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йорктегі Орталық мекемелерінде барлық мемлекеттердің қол қоюы үшін ашық болады.

2. Осы Конвенция, сондай-ақ, әрі кеткенде, осы баптың 1-тармағына сәйкес осы Конвенцияға экономикалық ықпалдасудың өңірлік ұйымдарына мүше елдерінің кем дегенде бірінің қол қоюы шартымен осы ұйымдардың қол қою үшін ашық болады.

3. Осы Конвенция ратификациялауға, қабылдауға немесе бекітуге жатады. Ратификациялау грамоталары немесе қабылдау немесе бекіту туралы құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға өткізіледі. Экономикалық ықпалдасудың өңірлік ұйымы, әрі кеткенде, егер оған мүше мемлекеттердің бірі осылайша жасайтын болса, өзінің ратификациялау грамотасын немесе қабылдау немесе бекіту туралы құжатын сақтауға өткізе алады. Бұл ратификациялау грамотасында немесе қабылдау немесе бекіту туралы құжатта осындай ұйым осы Конвенциямен реттелетін мәселелерге қатысты өз құзыретінің саласы туралы мәлімдейді. Осындай ұйым сондай-ақ өз құзыреті саласының кез келген тиісті өзгерістері туралы депозитарийге хабарлайды.

4. Осы Конвенция кез келген мемлекеттің немесе кез келген экономикалық ықпалдасудың өңірлік ұйымның осы Конвенцияның Қатысушысы болып табылатын мүше мемлекеттерінің кем дегенде бірінің қосылуы үшін ашық болады. Қосылу туралы

құжаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға өткізіледі. Қосылу кезінде экономикалық ықпалдасудың өңірлік ұйымы осы Конвенциямен реттелетін мәселелерге қатысты өз құзыретінің саласы туралы мәлімдейді. Осындай ұйым сондай-ақ өзі құзыреті саласының тиісті кез келген өзгерістері туралы депозитарийге хабарлайды.

68-бап

Күшіне ену

1. Осы Конвенция отызыншы ратификациялау грамотасы немесе қабылдау, бекіту немесе қосылу туралы құжат сақтауға тапсырылған күннен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді. Осы тармақтың мақсаты үшін экономикалық ықпалдасудың өңірлік ұйымы сақтауға тапсырған кез келген осындай грамота немесе құжат осындай ұйымға мүше мемлекеттердің сақтауға тапсырған грамоталарына немесе құжаттарына қосымша ретінде қарастырылмайды.

2. Осы Конвенцияны ратификациялайтын, қабылдайтын немесе бекітетін немесе оған осындай әрекет туралы отызыншы ратификациялау грамотасы немесе құжат сақтауға тапсырылғаннан кейін қосылатын әрбір мемлекет немесе экономикалық ықпалдасудың өңірлік ұйымы үшін осы Конвенция осындай мемлекеттің немесе ұйымның тиісті грамотаны немесе құжатты сақтауға өткізген күнінен кейін отызыншы күні немесе кейінірек басталуына қарай, осы Конвенцияның күшіне енген күні осы баптың 1-тармағына сәйкес күшіне енеді.

69-бап

Түзетулер

1. Осы Конвенция күшіне енгеннен кейін бес жыл өткен соң Қатысушы мемлекет түзету ұсынуы және оны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жіберуі мүмкін, ол содан соң ұсынылған түзетуді осы ұсынысты қарау және ол бойынша шешім қабылдау мақсатында одан әрі Қатысушы мемлекеттерге және Конвенцияға Қатысушы мемлекеттердің Конференциясына жөнелтеді. Қатысушы мемлекеттердің Конференциясы әрбір түзетуге қатысты келісімге қол жеткізу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Егер келісімге қол жеткізу жөніндегі барлық күш-жігері сарқылатын болса және келісімге қол жеткізілмесе, онда түзетуді қабылдау үшін ең соңғы шара ретінде Қатысушы мемлекеттердің Конференциясының мәжілісінде дауыс беруге қатысқан немесе қатысатын Қатысушы мемлекеттердің үштен екі көпшілік дауысы қажет болады.

2. Экономикалық ықпалдасудың өңірлік ұйымдары өз құзыреті кіретін салаға жататын мәселелерде осы Конвенцияға Қатысушылар болып табылатын оған мүше мемлекеттердің санына тең дауыс санына ие бола отырып, осы бапқа сәйкес өзінің

дауыс құқығын жүзеге асырады. Осындай ұйымдар, егер оларға мүше мемлекеттер өзінің дауысын жүзеге асыратын немесе жүзеге асырмайтын болса, өзінің дауыс құқығын жүзеге асырады.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданған түзету Қатысушы мемлекеттің ратификациялауына, бекітуіне немесе қабылдауына жатады.

4. Осы баптың 1-тармағына сәйкес қабылданған түзету Қатысушы мемлекетке қатысты ол ратификациялау грамотасын немесе осы түзетуді қабылдау немесе бекіту туралы құжатты Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырған күннен кейін тоқсан күн өткен соң күшіне енеді.

5. Түзету күшіне енген кезде ол оған байланысты болуға келісімін білдірген Қатысушы мемлекеттер үшін міндетті болады. Басқа Қатысушы мемлекеттер осы Конвенцияның, олар бұрын ратификациялаған, қабылдаған немесе бекіткен ережелерімен және кез келген түзетулермен одан әрі байланысты болады.

70-бап

Күшін жою

1. Қатысушы мемлекет осы Конвенцияның күшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына жазбаша хабарлама жіберу арқылы жоя алады. Осындай күшін жою Бас хатшы хабарламаны алғаннан кейін бір жылдан өткен соң күшіне енеді.

2. Экономикалық ықпалдасудың өңірлік ұйымы оның барлық мүше мемлекеттері осы Конвенцияның күшін жойған кезде осы Конвенцияға Қатысушы болуын тоқтатады.

71-бап

Депозитарийлер мен тілдер

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Конвенцияның депозитаріі болып тағайындалады.

2. Осы Конвенцияның ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі мәтіндері тең бір мағыналы болатын түпнұсқасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға тапсырылады.

ОСЫНЫ КУЭЛАНДЫРУ ҮШІН осыған өздерінің үкіметтері тиісті түрде уәкілеттік берген төменде қол қойған өкілетті өкілдер осы Конвенцияға қолдарын қойды.

Осымен 2003 жылғы 31 қазанда Нью-Йорк қаласында жасалған БҰҰ Коррупцияға қарсы конвенцияның куэландырылған көшірмесінің дәлдігін куэландырамын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р л і г і
Х а л ы қ а р а л ы қ к ұ қ ы қ д е п а р т а м е н т і
директорының орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК